# SARYARQA

26 maýsym 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№23 (8187)



AINA — ҚЫРЫҚ ЖОБА ҚАРҚЫНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА — 2-бет

MEREI — ҚОҒАМ АЙНАСЫ — 3-бет

ZERDE — ҚАҺАРМАНДАР — 4-бет

TIRSHILIK — ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ — 5-бет


## КОРОНАВИРУСПЕН КҮРЕСКЕН

### *азаматтарға «Халық алғысы» медалі табыс етілді*

**Сейсенбі күні Biz Birgemiz жалпыұлттық онлайн-форум аясында «Халық алғысы» медалімен марапаттау рәсімі өтті. Бұл мемлекеттік марапат коронавирустық инфекциямен күресте ерекше көзге түскен азаматтарды көтермелеу үшін тағайындалған. Салтанатты рәсімге ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты.**



– Ынтымақтастық, табандылық, жанашырлық – бұл халқымыздың дәстүрлі құндылықтары. Дәл осы қасиеттер бізге отандық тарихтағы ең қиын сынақтарды еңсеруге көмектесті. Жалпыға ортақ қайғы-қасірет алдында біздің ұйымымыз күштірек болады. «Біз біргеміз!» бұл біздің қоғамымыздың жаңа ұраны. Күн сайын біз бүкіл ел бойынша медициналық қызметкерлер, полиция қызметкерлері, қарулы күштер қызметкерлері, волонтерлер, сондай-ақ қайырымдылық жасаушылар жасаған ерліктердің куәсі болып табыламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Елбасы атынан бір топ қарағандылықты облыс әкімі Жеңіс Қасымбек марапаттады. Өңірде бұл марапатқа 172 адам ие болды. Олардың қатарында дәрігерлер мен медбикелер, полиция қызметкерлері, волонтерлер, меценаттар, журналистер, мәдениет және өнер қызметкерлері.

Карантиндік талаптарға байланысты салтанатты түрде марапаттау шарасына шектеулі адамдар ғана қатыса алды. Қалғандарына марапат жұмыс орнына немесе үйіне жеткізілді.

Өңір басшысы жерлестеріне қиын кезеңдегі қамқор көңілі үшін алғыс айтты.

–Қарағандылықтар тағы да өздерінің ұйымшылдығын көрсетті. Біздің арамызда қиын сәттерде көмекке келуге дайын адамдар аз емес. Мен әрқайсыңызға ризамын. Негізгі жүктеме медицина қызметкерлеріне түсті. Біз олардың жұмысын жеңілдету үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға тырысамыз. Жақын арада қарапайым өмірге қайта орала алмауымыз біздің әрқайсымыздың әрекетімізге байланысты, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

– Бұл ерекше марапат, – дейді медбике Сәуле Серікпаева. Ол Шахан кентінің қарттар үйінде жұмыс істейді. Олардың қарауындағы қариялар жоғары тәуекел тобына кіреді. Қарт адамдар дертке шалдықпау үшін мекеме қызметкерлері оларға қамқорлық көрсетіп, барынша сақтауға тырысты.

«Талбесік» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ләззат Қожахметова төтенше жағдай кезінде көп балалы және тұрмысы төмен отбасыларын қамқорлыққа алды. Мұқтаждар мен меценаттар арасында өзіндік көпірге айналды десек те болады. Көмек көрсетуге бизнесмендер мен жанашыр жерлестер ерекше ниет білдірді. Жүздеген адам азық-түлік жиынтығын алды. Демеушілердің бірінің арқасында жеті отбасы өз баспаналарын алды.

Сондай-ақ, «Халық алғысы» медалімен білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салада жемісті еңбек етіп жүрген адамдар марапатталады.

**«Saryarqa-ақпарат»**

***Қадірлі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, сала ардагерлері!***

*Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Сіздер еліміздің дамуына зор үлес қосып, жалпыға ортақ құндылықтарды қалыптастырып, бағыт-бағдар бересіздер. Халық сіздерге сенеді, тыңдайды, көп жағдайда қоғамдық көңіл күйді де анықтайтын сіздерсіздер.*

*Бүгінде сіздерге артылып отырған жауапкершілік жүгі ауқымды. Бұқаралық ақпарат құралдары адамдар үшін қиындықты қалай еңсеруге болады, қиындыққа қалай төтеп береміз, деген мәселелерде «кеңесші» ретінде көрінуде. Әлемді жайлаған пандемиядан сақтану жолдары, басқа әлемдік тәжірибелерді таныстыру арқылы оны еңсеру жолдарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біліп, танысудамыз. Журналистерге тән оперативтілік, білімділік, жан-жақтылық біздің жезқазғандық журналистерде бар қасиет.*

*Біздің бұқаралық ақпарат құралдарымыз әрқашан шынайы ақпарат тарата отырып, айналада болып жатқан жағдайлардың баршасына жедел үн қосуымен танылып келеді. Біз сіздерге елдің, аймақтың тыныс тіршілігі туралы сыр шертетін жедел де нақты жаңалықтарыңыз үшін рахмет айтамыз.*

*Мереке күні сіздерге барлық жақсылықты, отбасылық бақыт, тыныштық, шығармашылық табыс, шалқар шабыт және оқырмандар мен көрермендердің сүйіспеншілігін тілейміз!*

***Жезқазған қаласының әкімі***
***Қ.БЕГІМОВ***
***Жезқазған қалалық мәслихат хатшысы***
***С.МЕДЕБАЕВ***

## КЕМЕЛ ТҰЛҒА, КЕЛІСТІ БАСШЫ ЕДІ

**Биыл туғанына 70 жыл толып отырған Жұмамәди Ибаділдиннің өмірден өткеніне төрт жылдың жүзі болыпты. «Елдің атын ер шығарады», «Еліне қарап азаматын таны» дейді ғой халқымыз. Сол айтқандайын, ол елге тірек бола білген азамат еді. Қойнауы құт, асты қазына-байлыққа толы Жезқазғанда басшы болған жылдарда Жұмамәдидің аты өңірден асып алысқа жетті, қалың елге танылды. Тұлғалы азаматтың есімі сол тұстарда «Қазақстанның элитасы» атты отандық саңлақтар шоғырланған мәртебелі кітапқа енгізілді. Елбасының ықыласты тілегі мен алғысын естіп, өз қолымен берген «Алтын барыс» белгісін омырауына тақты. Сәтбаев пен Жезқазған қалаларының, сондай-ақ, Түркістанның Құрметті азаматы атанды. Соның барлығына ол лайықты еңбегіне орай қол жеткізді.**



Жұмекеңді мен сонау сексенінші жылдарда облыстық халыққа қызмет көрсету басқармасын басқарған кезден білуші едім. Ол талай жылдар бойы облыс орталығы болып тұрған қаланың өсіп-өркендеуінің белортасында жүрді. Сол кездің қисынымен айтар болсақ, партия қайда жұмсаса сонда барды. Жұмамәди – Ұлытау жерінде туып-өсіп, ат жалын осы өңірде тартып мінген азамат. Қарағанды политехникалық институтын 1973 жылы құрылысшы инженер мамандығы бойынша бітірген Ж.Ибаділдин «Қазмысқұрылыс» тресінде инженер, бас инженер, қалалық атқару комитетінде күрделі құрылыс бөлімінің бастығы, қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, қалалық жоспарлау комиссиясының төрағасы сияқты қызмет жолдарынан өтіп, мол тәжірибе жинақтаған. Қаладағы көптеген әлеуметтік-тұрмыстық мекемелердің бой көтеруіне тікелей араласты. Біраз жыл облыстық тұрмыстық қызмет көрсету басқармасын басқарған соң елімізде нарықтық экономикаға бетбұрыс басталғанда қазақ-қытай бірлескен кәсіпорнын құрып, бизнес саласының да тамырын басып көргені бар. Қала әкімі қызметіне ол осы кезеңде шақырылған болатын. Қала тізгіні қолында тұрған кезінде мен «Сарыарқа» газетінің редакторы болып тағайындалдым да Жұмекеңмен тіпті жиі араласуға тура келді. Жұмыс бабында, әрі қолда билік болған соң әртүрлі жағдайлар бола береді ғой. Ол жағын қоя тұрып, бүгінде арамызда жоқ абзал азаматтың еліне жасаған абыройлы істерін еске алуды жөн көріп отырмын.

►►*4-бетте*

## АЛҒЫ ШЕПТЕГІЛЕР АЛҒЫС АЛДЫ

**«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Смағұлов «Biz Birgemiz» республикалық акциясына белсене қатысқандарға және төтенше жағдай кезінде ел қиындығын бөліскен бір топ жезқазғандық волонтерларға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатын табыстады.**



Бүкіл әлемді жайлаған пандемия тұсында қаламызда жанкештілікпен алдыңғы шепте жүрген 250-ге жуық волонтердің арқасында 8000-нан астам маска тігіліп, тегін таратылған. Елбасы тапсырмасына сай «Birgemiz» қоры» 4299 отбасына 50 000 теңгеден қаржылай қолдау көрсетіп, азық-түлік дорбаларын үлестірді.

– Жезқазғандық волонтерлар тұрғындарға көмек қолын созып, жанашырлық танытумен қатар, қаламыздағы мәдени нысандарды қалпына келтіру және тазалық жұмыстарымен де айналысты. Полиция департаментімен бірге құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған рейдтерге қатысты. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай соғыс ардагерлеріне де көмек көрсетіп, қариялардың көңілін аулып, қуанышқа кенелтті. Олардың қатарында «Бірлік», «Алтын жүрек», «Жеңіс», «Серкенің серілері», «Спортты дамыту орталығы», «Мейірім», «Хадия», «Жігер», «Жылы жүрек» «Алтын жүрек», сондай-ақ, «Jas Otan» жастар қанаты жанынан құрылған волонтерлер ұжымдарының еңбегі зор.

Сонымен қатар, волонтерлар жұмысына ізгі лебіздерін білдіріп, төтенше жағдай кезінде бейтараптық танытпаған меценат Бекзат Алтынбеков пен қалалық мәслихат депутаты Свелана Жумкинаға, Талғат Еркебаев, Марғұлан Молдашов, Абай Байділдаев, Ерғазы Құпекулов, Батыр Аметов, Бауыржан Мұқашев есімді кәсіпкерлерге де еліміздің бас партиясы атынан алғысымды білдіремін, – деген Сәкен Смағұлов Елбасы Алғыс хатын тапсырды.

Марапат иеленгендердің қатарында «Дидар» телеарнасының директоры Базарбай Әлеуханұлы, «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан, Жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиден, кәсіпкерлер Мейіржан Оразбек пен Тәңірберген Жанатов, «Jas Otan» жастар қанатының мүшелері Абай Бағчай мен Марал Бегенова және Бибарыс Елеусізов, Айым Күлтаева, Мұханбетрасул Мусин, Айдана Накупова, Мейіржан Райымқұлов, Диас Әбдіғазизов сынды студент жастар бар.

Карантиндік талаптарға сай өткізілген жиында волонтерлар атынан Абай Бағчай сөз алып, Елбасы сенімін ақтау жолында талмай еңбек ететіндігін жеткізді. Шара соңында Базарбай Әлеуханұлы аға буын атынан жастарға ақылын айтып, ақ батасын берді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




SARYARQA-АҚПАРАТ

## ҚОҚЫСТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТПАҚ

**Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды.**

– Заң жобасын бірінші оқылымда талқылаған кезде айтылғандай, ол қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату үшін құқықтық база қалыптастыру мақсатында әзірленді. Құжат тұрмыстық қатты қалдықтарды термиялық жолмен өңдеу арқылы электр энергиясын алуды көздейді. Бұл процестер экологиялық және экономикалық оң нәтиже алуға ықпал ететін болады, – деді Шавхат Өтемісов.

Оның сөзіне қарағанда, заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында құқықтық олқылықтарды әрі құқық қолдануда туындайтын қайшылықтарды болдырмауға, сондай-ақ нормалардың редакциясын жақсартуға және оларды талаптарға сәйкес келтіруге бағытталған бірқатар түзету қарастырылды.

Бұдан бұрын хабарланғандай, биыл 17 маусым күні Мәжіліс аталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдаған еді.

– Заң жобасына депутаттар қатты тұрмыстық қалдықтарды өртеу жолымен қайта өңдеп, кейіннен электр энергиясын алу үшін құқықтық база құру мақсатында бастамашылық жасады. Өртеуге қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтардың бір бөлігі ғана қамтылады. Жыл сайын елімізде шамамен 5 млн тонна қалдық пайда болады. Олардың тек 15 пайызы қайта өңделеді. Қазір осы міндетті іске асыру үшін бүкіл әлемде қоқыс жағатын кешендер жұмыс істейді, – деді Мәжіліс депутаты Құралай Қаракен.

## КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ИЕЛЕРІНЕ ЖЕР САЛЫҒЫ САЛЫНБАЙДЫ

***Жеке тұлғаларға салық салу жеңілдейді. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов мәлім етті.***

Жалпы отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасы талқыланды.

– Салық элементтерін (салық салу объектісі, салық базасы, мөлшерлемесін, есептеу және төлеу тәртібін) өзгертпей жеке тұлғалардың мүлік және жер салықтарын біріктіру ұсынылады, 2 салық бірыңғай төлеммен төленеді. Бұл ретте, көппәтерлі тұрғын үйлердің иелері үшін жер салығын алып тастау ұсынылады, – деді министр.

Р. Дәленовтың сөзіне қарағанда, салық төлеушілерге қолайлы болу мақсатында көлік салығын төлеу мерзімін биылғы 31 желтоқсанынан келесі жылдың 1 сәуіріне ауыстыру ұсынылып отыр.

## АРЫСТА ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ӘЛІ ЖАЛҒАСУДА

**Арыста күн сайын мың жарым әскери қызметші оқ-дәрілердің бөліктерін іздеу, залалсыздандыру, тасымалдау, жою жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл туралы ҚР ҚК Тыл және қару-жарақ басқармасының бастығы Асылбек Сатыбалдинов мәлім етті.**

– Жарылыс қаупі бар фрагменттерді жою жұмыстарының басым бөлігі Арыс қаласынан 50 шақырым жердегі Бастарма полигонында атқарылуда. Азаматтық ортаға оқ-дәрілердің ұрлығы арқылы еніп кетуін, түрлі-түсті металл сынығының сатылуын алдын алу мақсатында профилактикалық рейдтер тұрақты түрде ұйымдастырылады. Утилизация орнында жинақталған оқ-дәрілер тәулік бойы күзетіледі, – дейді Асылбек Сатыбалдинов ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша азаматтық тұлғалардың жинақталған оқ-дәрілер орнына кіріп кету жағдайы да тіркелген.

– Тәртіпті қадағалау үшін ішкі істер органдарымен бірге тәулік бойы көшелерде патруль жүргізіледі. Сонымен бірге әскери қызметшілер құрылыс пен қалпына келтіру жұмысына белсене атсалысып, коронавирус инфекциясына қарсы дезинфекция жұмыстарын атқарды. Мобильді далалық емхананың дәрігерлері мыңға тарта азаматқа әртүрлі медициналық көмек көрсетті. Әскери ветеринарлар Ауыл шаруашылығы министрлігінің мамандарымен бірге 508 бас үй жануарын далаға көмді. 9 мың шаршы метр аумақтағы өлген малдың орындары дезинфекцияланды. Күн сайын мың жарым әскери қызметші оқ-дәрілердің бөліктерін іздеу, залалсыздандыру, тасымалдау, жою жұмыстарын жүргізуде, – деді ол.

САЙЛАУ – 2020

## МАЛШЫБАЙДА – ЖАҢА ӘКІМ

**Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттарының көпшілік дауысымен Малшыбай ауылының әкімі лауазымына Ерғазы Аянбаев сайланды.**



Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 36-1 бабы 11- тармағына сәйкес және Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының шешімі негізінде Малшыбай ауылы әкімінің сайлауы 24 маусымға тағайындалған болатын.

Ерғазы Егізбайұлы Аянбаев 1972 жылы Малшыбай ауылында туған. Қазақ ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1998 жылы «Қазақмыс» корпорациясы» АҚ-ның Сәтбаев жолаушылар автокөлігі кәсіпорнының автослесарі болып бастаған ол 2001 жылға дейін механик қызметінде жүрді. Ал, 2005 жылы мемлекеттік қызметке орналасып, күні бүгінге дейін Малшыбай селосы әкімі аппаратының бас маманы лауазымын атқарды.

«ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ»

# ҚЫРЫҚ ЖОБА ҚАРҚЫНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

**Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына арнап онлайн-брифинг өткізді. Брифингге қаладағы эпидемиологиялық ахуал мен «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар арқау болды.**



Әкім ә дегеннен коронавирус инфекциясының таралуына байланысты қалыптасып отырған ахуалға тоқталды.

– 18 маусымдағы жағдай бойынша қаламызда коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 165-ке жетті. Оның ішінде емделіп шыққаны – 29 адам, қалған 136 адам емделуде, – деді Қайрат Баяндыұлы өз сөзінде.

Сондай-ақ, әкім COVID-19 жұқтырғандар санының өсіп кетуіне байланысты Қарағанды облысында, оның ішінде Жезқазған қаласында карантиндік шаралар 13 маусымынан бастап қайта күшейтілгенін еске салды.




- Облыстың және қаламыздың бас санитарлық дәрігерінің қаулыларындағы талаптардың сақталуын бақылау күшейтілді. Тәртіп бұзушылар қолданыстағы әкімшілік заңнамаға сәйкес жазалануда. Сіздерден карантиндік режим талаптарын мүлтіксіз орындауларыңызды сұраймын. Мұның барлығы ортақ игілігіміз үшін жасалуда. Баршаңызды саналылық танытып, жоғары жауапкершілік көрсетуге шақырамын!, - деді ол.

Бұл ретте қала басшысы белгіленген талаптар мен ережелерді сақтамай, немқұрайлық танытқандарға жауапкершілік қарастырылғанын қатаң ескертті. Санитарлық талаптардың орындалысын денсаулық сақтау, санитарлық қызмет өкілдері мен полиция қызметкерлерінен құрылған мобильдік топ бақылайды.

– Карантин кезінде мобильдік топтар 697 нысанда болып, оның 24-інен бас санитарлық дәрігер қаулысы талаптарының бұзылуын анықтады. «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексі 463-бабы 3-бөлімі бойынша 4 әкімшілік хаттама толтырылып, 1 айыппұл салынды, — деді қала басшысы.

Онлайн-брифингіге арқау болған келесі мәселе – «Жұмыспен қамту жол картасының» жай-жапсары. «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында Жезқазған қаласында 40 жоба жүзеге асуда. Осының арқасында жаңадан 1 098 жұмыс орны ашылады.

– Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев арнайы мәлімдемесінде азаматтар мен бизнесті қолдаудың нақты қадамдарын айқындап берді. Үкімет бірқатар дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асырып, халықты жұмыспен қамтуда. Осыған байланысты жаңа «Жұмыспен қамту жол картасы» қабылданды. Бұл жоба әлеуметтік, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын жаңарту, елді - мекендерді абаттандыру арқылы халықтың өмір сапасын арттыруды мақсат етеді, — деген қала басшысы Жезқазғанда жүзеге асып жатқан жобаларға кеңінен тоқталды.

– Қала бойынша бағдарламаға 40 жоба енді. Оның 36-ы қалалық, 4-еуі облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Осының арқасында жаңадан 1098 жұмыс орны ашылады, оның ішінде 550 адамды Жұмыспен қамту орталығы арқылы қамту көзделіп отыр, — деді Қайрат Бегімов.

Брифингіде сондай-ақ, қалалық бюджет есебінен жүзеге асатын 36 жобаның 3-еуі білім саласына, 1-еуі мәдениет, 29-ы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына, 3-еуі құрылысқа қатысты екені айтылды.

Қаладағы №3 білім-инновация лицейі, тарихи-археологиялық музей, мемлекеттік архив және Олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ғимараттары сияқты 4 жоба облыстық бюджет есебінен жүзеге асуда.

Әкім брифинг барысында мемлекеттік бағдарламамен жаңартылған білім, мәдениет мекемелерінің алдағы уақытта материалдық-техникалық базасын нығайтуға да көңіл бөлінетінін баса айтты.

**Дархан МҰХАН**

COVID-19

# ПАЦИЕНТКЕ ЖАДЫНАМА

**Жаңа коронавирус инфекциясы (COVID-19) ауруының белгілері әдеттегі (маусымдық) тұмауға ұқсас: дене қызуы жоғары, бас ауруы, әлсіздік, жөтел, тыныс алудың қиындауы, иіс сезу қабілетінің төмендеуі немесе жоғалуы бұлшық еттердегі аурулар, құсу, жүрек айну, диарея.**




Жаңа коронавирус инфекциясы эпидемиясы кезінде Сіз жедел респираторлық вирустық инфекцияны тасымалдайсыз. Талдау нәтижелерін алғанға дейін Сізде коронавирус инфекциясы бар-жоғын нақты анықтау мүмкін емес. Сондықтан сіздің жүріс-тұрысыңыз бен қабылдаған еміңіз басқаларға қауіпті болатын осы инфекцияның пайда болу тәуекеліне сәйкесуі керек.

Бүгінде сіз пациенттердің 80-85%-да байқалатын аурудың жеңіл түріне байланысты ем қабылдайсыз және ең алдымен, 7-10 күн ішінде Сіз сауығып өзіңізді жақсы сезінесіз. Бірақ Сіз кем дегенде 14 күн оқшаулау режимін сақтауды әрі қарай жалғастыруыңыз керек (далаға шықпаңыз, қонақ шақырмаңыз, жеке бөлмеде болыңыз, жаныңызда отбасының басқа мүшелері болмаған кезде бөлек тамақтаныңыз, маска киіңіз және оны күніне үш рет ауыстырыңыз, қолды жиі жуыңыз және дезинфекция ерітіндісімен сүртіп отырыңыз).

Сізде ас ішетін ыдыс-аяқ жеке болуы керек және тамақ ішіп болғаннан соң оны хлор ерітіндісімен (қарапайым ағартқыш немесе құрамында хлоры бар тұрмыстық химиялық зат) 90 градус температурада ыдыс жуғышта (бар болса) жуған жөн.

Оқшауланған бөлмеде тамақтанған дұрыс. Қолыңыз тиген барлық жерлерді хлор ерітіндісімен сүртіңіз. Бұл үстел, су шүмегі, есік тұтқалары, компьютер пернетақталары, пульттерге және басқа да заттарға қатысты. Мүмкіндігінше бір рет қолданылатын қолғаптарды киіп, ауыстыру қажет.

Қолыңызды бетіңізге тигізбеуге, қажет болған жағдайда сіңбіруге бір реттік қол орамалын пайдаланып, оны полиэтиленді пакетке салып, басқа қоқыстармен араластырмай тастау керек. Бөлмені желдетіңіз. Киім мен төсек-орындарды басқа заттармен бірге 90 градус температурада жууға болады, бірақ жуатын кезде қолғап кию керек.

Алынған талдау нәтижесі Сізге телефон арқылы 1-2 күн ішінде хабарланады.

Сіздің учаскелік дәрігеріңіз (аты-жөні мен телефон нөмірін жазу) Сізбен күн сайын телефон арқылы байланысады. Сіз күн сайын сағат 9:00-ден 21:00-ге дейін қоңырау шалып, сұрақтар қоюыңызға болады.

Түнгі уақытта жағдайыңыз нашарласа, 103 телефоны арқылы жедел жәрдем шақырасыз және бұл ретте Сіз COVID-19 инфекциясын жұқтырдым деген күдікпен үйде емделіп жатқаныңызды (немесе талдау оң нәтиже көрсетсе, осы инфекциямен ауырып жатқаныңызды) хабарлайсыз. Егер Сізді ауруханаға жатқызса, бұл туралы өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізге хабарлаңыз.

Егер Сізде дене қызуы көтерілсе, әсіресе қалыпқа келу кезеңінен кейін ол жоғары болса, ентігу, кеуде ауруы және дем жетіспеуі, жөтел, жалпы жағдайыңыз нашарлаған жағдайда міндетті түрде дәрігерге қоңырау шалу керек.

Егер Сіздің дене қызуыңыз жоғары (38 градустан артық) болса, күніне 3-4 рет 500 мг парацетамолды қабылдау ұсынылады. Дәрігердің тағайындауынсыз дене қызуын төмендететін өзге дәрі-дәрмектерді қабылдамаңыз. Көп сұйықтық ішуге тырысыңыз.

Егер Сіздің талдауыңызда жаңа коронавирус анықталса, қорқудың қажеті жоқ. Сіздің ем қабылдау процесіңіз айтарлықтай өзгермейді. Ауру жеңіл өту кезінде ешқандай арнайы шаралар қолданылмайды. Түрлі иммунокүшейткіш препараттарды, сондай-ақ алкогольді ішудің қажеті жоқ. Алкоголь иммунитетті төмендету қабілетіне ие және аурудың асқынуына ықпал ете алады. Қазіргі уақытта осы инфекцияны емдеу үшін тіркелген дәрілік препараттар жоқ.

Дәрігер телефон арқылы Сіздің жағдайыңызды бақылауда ұстайды. Сіз бұрынғыша оқшаулау режимін сақтайсыз және сауығып, қайта тест тапсыруыңызды күтесіз. Егер Сіздің талдауыңызда ауру анықталмаса (теріс нәтиже көрсетсе), өкінішке қарай, бұл Сізде коронавирус инфекциясының болуын жоққа шығармайды. Сондықтан Сіз өзіңізді бұрынғыдай сау деп санасаңыз да, 14 күн бойы оқшауланып, ем қабылдауды жалғастыруыңыз керек және талдауды қайта тапсыру қажет.



| СИМПТОМДАР | КОРОНАВИРУС | СУЫҚ ТИЮ | ТҰМАУ | АЛЛЕРГИЯ |
|---|---|---|---|---|
| Жоғары температура | жиі | сирек | жиі | сирек |
| Шаршағандық | кейде | кейде | жиі | сирек |
| Жөтелу | жиі (құрғақ) | сирек | жиі (құрғақ) | кейде |
| Түшкіру | жоқ | жиі | жоқ | әрқашан+мұрын қышуы |
| Буындардағы ауырсыну | кейде | жиі | жиі | жоқ |
| Мұрын біту | сирек | жиі | кейде | әрқашан |
| Тамақ ауруы | кейде | жиі | кейде | кейде, қышу, тамақтың жыбырлауы |
| Іш өту | сирек | жоқ | кейде | ешқашан |
| Бас ауруы | кейде | сирек | жиі | кейде |
| Демікпе | кейде | жоқ | жоқ | жоқ |
| Коньюнктивит | ешқашан | кейде | кейде | әрқашан (маусым басталғанда) |



Сіз тұмауды емдеуге арналған құралдарды (мұрынға арналған тамшылар) пайдалана аласыз, сондай-ақ тамақ ауруы кезінде қолданылатын кез келген құралдарды (антиангин, септолет және т.б.) пайдалануға болады. Егер Сізбен бірге өзге де адамдар тұратын болса, бумен қолданылатын ингаляторларды және қандай да бір заттарды ортақ пайдалануға болмайды. Бұл олар үшін ауру жұқтыру қаупін арттыруы мүмкін.

Егер Сіздің отбасы мүшелеріңіздің біреуі ауырып қалса, өзіңіздің учаскелік дәрігеріңізге қоңырау шалыңыз және бұл туралы хабарлаңыз.

Сіздің тестіңіз ауру бар екенін (оң нәтиже) көрсеткеннен соң сауығып шығып, талдау нәтижелері ауру жоқ екені (теріс екені) расталғаннан кейін сіз айналадағы өзге адамдарға ешқандай қауіп төндірмейсіз, қалыпты өмір салтын ұстана бересіз. Қайта ауырған жағдайлар тіркелген жоқ. Егер Сізде осы инфекция анықталмаса, онда Сізде жұқтыру қаупі сақталады және қаланың басқа тұрғындары сияқты барлық қауіпсіздік шараларын сақтауыңыз керек.

***Коронавирустың симптомсыз түрін жұқтырған пациенттерге***

### ЖАДЫНАМА

**Үй карантинінде жатқан адамға нұсқаулық**

1. Үйден шықпау керек.

2. Жөтел немесе түшкіру кезінде ауыз бен мұрынды жабу керек. Вирустың таралуына жол бермеу үшін бір реттік майлықты пайдалану керек. Осыдан кейін бірден қолды сабындап жуып, спирттік негіздегі антисептикпен сүрту керек. Медициналық масканы нығыз жабыстыра тағып, екі сағат сайын ауыстырып отыру қажет.

3. Тамақ ішер алдында, сонымен бірге дәретханадан кейін қолды сабындап жуып, спирттік негіздегі антисептикпен сүртуді ұмытпау керек. Қолды сүрту үшін мүмкіндігінше бір реттік майлықты пайдалану керек.

4. Жеке пайдаланатын ыдыспен тамақ ішу керек.

5. Денеде қызу немесе өзге де жайсыздықты сезінген жағдайда COVID-19 бойынша колл-орталыққа хабарласқан немесе өтінім себебін түсіндіре отырып, жедел жәрдем шақырған дұрыс.

*Дереккөз:* **www.coronavirus2020.kz**

## 28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



# ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Журналистика мен мультимедианың бүгінгі үрдістерін бағалаған жазушы, журналист Дебора Кэмпбелдің «Журналистика – бұл миссия» деген пікірімен келіспеске болмас. Өйткені, журналистика – әрі кәсіп, әрі міндет. Қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. БАҚ және журналистика қоғамның бөлінбейтін тұтас бөлшегі ретінде оның алға қарай үздіксіз дамуын қамтамасыз етудің бірден бір тиімді тетігі болып саналады. Рас, қоғамда әртүрлі мамандық болса, журналистика – сол қоғамның айнасы. Бұл мамандық иелерінің табиғатының өзі жаңалыққа жақын, қоғам үшін қызмет етуге құштар. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарына артылған сенім жүгі де ауқымды. Кәсіби мереке қарсаңында осынау зор сенімді абыроймен атқарып жүрген жезқазғандық БАҚ пен оның қызметкерлері жайында сөз қозғамай кету бізге сын.

«Бұқаралық ақпарат құралдары – жаңалықтың жаршысы. Ел ішіндегі және әлемдегі оқиғалардан халыққа шұғыл әрі шынайы ақпарат тарату – Сіздердің кәсіби еңбектеріңіз. Сондықтан, Сіздердің қоғамдық маңызы зор қызметтеріңізге біз әрқашан құрметпен қараймыз, бағалаймыз» деп төртінші биліктің ел дамуындағы айрықша үлесін алға тартқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 28 маусымды БАҚ қызметкерлерінің төл мерекесі етіп бекітті. Бұл маңызды қадам Шерхан Мұртазаның тілімен айтқанда «жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» журналистер қауымына көрсетілген құрметтің бір парасы ғана. Сонымен бірге, Президент журналистің мәртебесін айқындауға да тапсырма берген-ді. Осы ретте Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі БАҚ саласындағы заңнаманы жетілдіруге қызу кірісті. Аталған жұмыстардың басты мақсаты – қазақстандық медиа саланың дамуына қолайлы орта қалыптастыру.

Бүгінде мысты қалада Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасына айналған 60 жылдық тарихы бар «Дидар» телеарнасы, «Жезқазған TV» арнасы мен оқырманының сенімді серігіне айналған бес бірдей басылым бар. Олар – әр апта сайын оқырманына асыға жететін қоғамдық-саяси өмірдің тыныс-тірлігін бағамдап, билік пен халық ортасындағы алтын көпірге айналған «Сарыарқа», «Мысты өңір» мен «Жезказганский вестник»,«Подробности» газеттері, сондай-ақ тарихи-танымдық және көркем-әдеби «Ұлытау және Ұлт» журналы.

Жезқазғанмен бірге жасап келе жатқан «Дидар» телеарнасы асқарлы алпыс жылы ішінде көптеген құрылымдық, ұйымдық өзгерістен өтті. Сонымен бірге өзінің игі дәстүрлерін қалыптастырып, салиқалы даму биігінен көріне білді. Аймақ журналистикасының өзіндік бір мектебін қалыптастырды. Былтыр телеарна мерейтойы республикалық деңгейде атап өтілгені қала жұртшылығына мәлім. Әрине, «Дидар» телеарнасы бұл биікке оны әр кезеңдерде басқарған көреген білікті басшылар еңбегінің арқасында жетті. Атап айтсақ, алғашқы директоры Шертай Көпбаев, Зиновий Шкундин, Рақымбай Жұматаев, Сәбит Байдалин, Валентина Черницина және осы эстафетаның лайықты қабылдаушысы – телеарнаның қазіргі директоры Базарбай Әлеуханұлы. Елімізге танымал көптеген тұлғалар алғашқы қадамдарын «Дидар» телеарнасынан бастап, қанаттанғаны белгілі. Олар бүгінде әр түрлі салаларда елеулі жетістікке қол жеткізуде. Мұның өзі біз үшін зор мақтаныш.

Ақпарат айдынында жезқазғандық газеттер мен журналдың алар орны мен атқарар рөлі жайында айтып жатудың өзі артық. Неге десеңіздер, қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі, жұрттың білімді, жігерлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жол сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы... Төртінші, газет – халықтың даушысы...» деп айқындап бермеп пе еді?! Жылдар жылжып, заман өзгерсе де бұл сөз өз өзектілігін жоймақ емес. Ең бастысы журналистердің заман ағымына сай болуы.

Кез келген адам журналист бола алмайды. Ол үшін терең білім, жан-жақтылық, ерекше дарын, талант иесі болу керек. Журналистер қоғамдық пікірді туғызып, ұлттық сананы қалыптастыруға елеулі үлес қосады. Қазіргі ақпараттық толқын заманында әлеуметтік желілерге шұғыл хабарды таратып, керек кезде журналист фотограф та, оператор да болып кетеді. Тіпті қалта телефоны арқылы да шағын сюжеттерді қалыптастырып, халықты нақты ақпараттармен қамтамасыз етуге деген ұмтылыс заман талабына қарай өрбуде. Бірақ осы кезде де журналистің шеберлігі, таланты айқын көрініп тұрады.

Сөз басында айтылғандай, мемлекет ақпарат құралдарын дамытуға лайықты қолдау жасап отыр. Ақпараттық саясат – мемлекет саясатының ажырамас бөлігі. Қаламызда да бұл мәселе оңтайлы жолға қойылған. Жергілікті бюджет есебінен бөлінетін мемлекеттік-ақпараттық тапсырыс аймақтағы баспасөздің қаржылық мүмкіндіктерін арттыруға айтарлықтай үлес қосып жатыр деп айтуға толық негіз бар. Мәселен, өткен 2019 жылдың өзінде Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі арқылы жергілікті мерзімді басылымдар мен телеарналарға мемлекеттік-ақпараттық тапсырыс үшін 120 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Қалалық әкімдік алдағы уақытта да аймақтағы ақпарат құралдарын қолдау шараларын жалғастыра бермек.

Қолайлы сәтті пайдалана отырып, ақпарат таратумен бірге тәрбиелік-танымдық қызметін қатар алып жүрген жезқазғандық телеарна мен басылымдардың басшылары Базарбай Әлеуханұлы, Эльвира Алпанбаева, Нина Барбутько мен Медеу Қайрақтыұлы, Сара Смағұл, Дархан Мұхан, Шыңғыс Әлеуханұлына сондай-ақ олар жетекшілік ететін әр ұжымды бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен құттықтап, алғыс білдіремін. Қыс-жаз, күн-түн демей қажет жағдайда тәулігіне 24 сағат өздеріңіз таңдаған мамандыққа адал қызмет еткендеріңіз ерлікке тең. Ел басына күн тудырған пандемия кезінде де жұдырықтай жұмылып, қала тұрғындарына нақты ақпаратты шұғыл таратып, түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізулеріңіздің арқасында короновирустық инфекцияның белең алуына жол берілмеді. Сіздердің қосқан қомақты үлестеріңіз үшін тағы бір мәрте ризашылығымды білдіріп, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Қаламдарыңыздан қасиет кетпесін! Мереке құтты болсын!

**Мереке МЫРЗАБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы**

# ЖАҢАЛЫҚҚА ЖАНЫ ҚҰМАР

**Аймаққа танымал «Жезказганский вестник» газетінің тілшісі Әсем Тілеміс бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде мерзімді басылымда қызмет етемін деп ешқашан ойламаған еді. Ол мұны тағдырдың сыйына балайды.**



1993 жылы Алматы қаласында дүние есігін ашқанымен, бүкіл балалық шағы Жезді кентінде өтті. 2005 жылы ата-анасының ұйғарымымен мысты қала Жезқазғанға көшіп келіп, № 13 орта мектептің оқушысы атанды. Әсем үшін Жезқазғаннан кейінгі тағы ыстық бір мекен бар. Ол – қарт Каспийдің жағалауындағы Ақтау қаласы. М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Ақтау көлік колледжіне оқуға түсіп, жүк тасымалы және теміржол қозғалысын басқару мамандығы бойынша білім алып шықты. Оқуды бітірісімен Жезқазған қаласындағы «Дидар» телеарнасына хатшылық жұмысқа тұрды. Осы кезеңдерде жаңадан ашылған «Жезқазған TV» телеарнасында орысша жаңалықтардың дикторы болып та бағын сынап көрді. Дегенмен, оның бір бүйрегі сол кезде-ақ Ақтауға бұрып тұрды. Жастық жалынмен портты өлкеге аттанған ол жерде жеке кәсіпкерлік нысандарында «1С операторы», менеджер болып жұмыс істеді. Екі жыл ішінде Ақтау, Жаңаөзен қалаларында тұрған ол 2018 жылы Кеңгір жағасындағы киелі мекенге қайта оралды. Бұл жолы белін бекем буып, біржола келді. Мен отбасымда екі ұлдың ортасындағы жалғыз қызбын. Сол себепті де анамнан жырақта болмауым керек деген шешім қабылдадым. Осыған дейін ақ дегенім – алғыс, қара дегенім – қарғыс болып, тек өз қалауыммен күн кешкен менің аяқ асты осындай ұйғарымға келуім – ақыл тоқтатып, басқаша пайым қалыптастырғанымның дәлелі шығар, – дейді ол.

Жезқазғанға келісімен Әсем үшін жұмыс табу оңайға соқпады. Мамандық бойынша жұмыс қарастырды. Жұмыспен қамту орталығының көмегіне де жүгінді. Бұл жерден де көңілі қалаған бос жұмыс орнын кезіктірмеді. Бір күні оған анасы «Жезказганский вестник» атты газет шығып жатқанын айтып, бас редакторымен кездесіп, сөйлесіп көруге ұсыныс білдірді. Түнімен түйіндемесін тастай қылған ол газет редакторы Эльвира Алпанбаевамен жүздесіп, осы салада жұмыс істеу ниетін білдірді. Әсеммен толыққанды танысқан Эльвира Қадыржанқызы оған тек «Қолыңнан келетініне сенімдісің бе?» деген бір ғана сұрақ қойды. «Сенімдімін!» деген нақты жауабынан соң Әсем газет тілшісі атанды. Бұрын журналистика саласында мүлде тәжірибесі жоқ Әсем үшін редакцияның тыныс-тіршілігі оңайға соқпады. Осындай сәттерде бар ақыл-кеңесі мен білген-түйгенін жан-жақты үйреткен бас редактор мен оның орынбасары Салтанат Қожахметоваға Әсемнің айтар алғысы шексіз.

– Журналистика, әсіресе, мерзімді баспасөз жұмысы оңай емес. Расында менің мамандығым жазу-сызу саласынан мүлдем алыс, байланысы жоқ сала ғой. Бәрі тәжірибенің арқасында келеді екен. Мен «Жезказганский вестник» газетіне келмей тұрып үй мен жұмыс кабинетінің арасын байланыстырып, жай ғана тыныштықта өз өмірімді сүріп жүрген ару болдым. Журналист болу арқылы өмір арнам түбегейлі өзгерді деуге болады. Қоғам тіршілігіне араласып, күнделікті орын алып жатқан жаңалықтардан алғаш хабардар болдым. Бұрын бәрін тым қарапайым ойласам, қазір қай іске болсын жан-жақты сараптама жасап, сұрыптаймын, кез келген тарап әрекетіне талдау жасаймын. Журналист болу – қызығы мен шыжығы мол кәсіп. Кей адамдар менің мақаламның жақсы жазылғанын жеткізіп, журналистиканы қай оқу орнында оқығанымды сұрап жатады. Басында бұл сұраққа қысылып қалушы ем, қазір еңбегімді бағалап жатқанда ішімнен мақтанып тұрамын, – деген ол осы жолды таңдағанына еш өкінбейтінін, керісінше сондай сәттерде кеудесін қуаныш сезімі кернейтінін, мамандығын ешқашан ауыстырмайтынын айтады.

Осынау аз ғана уақыт ішінде Әсем ақпарат саласында қол жеткізген азды-көпті жетістіктерімен мақтанады. Ол 2019 жылы Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары мен қалалық полиция басқармасы бастығының Алғыс хаттарымен марапатталды. Әсем, сондай-ақ, «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігінде қосымша жұмыс атқарады. Өткен жыл соңында шаңырақ көтеріп, ақ орамалды келін атанған жас журналистің алға қойған мақсат-мұраттары да жетерлік. «Журналист жарының түсінігі мол болуы керек» деген ол өзінің сүйікті кәсібіне қолдау танытар ер азаматты жолықтырғанына қуанады. Баспасөз жанрларына қызыға бойлап, қала тарихын тасқа басып жүрген жезқазғандық жас журналист Әсем Тілеміс ел игілігі үшін аянбай қызмет етемін дейді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КӨРЕРМЕННІҢ КӨЗАЙЫМЫНА АЙНАЛҒАН

**Алпыс жылдық тарихы бар «Дидар» телеарнасы – аймағымыздағы ірі медиа құрылымдардың бірі. Қай кезде де тұрғындар үшін дамылсыз қызметінен танбаған телеарна ақпарат саласында өз биігін әлдеқашан бағындырған. Жаңалық жаршысына айналған аймақ айнасында бүгінгі таңда елуге тарта қызметкер бар. Солардың ішінде аға буын мен кіші буынның дәнекеріне айналған Бақытгүл Акпарованы байқамау әсте мүмкін емес.**




1976 жылы жазиралы Жаңаарқа төсінде дүние келген ол алғашқы еңбек жолын сол кездегі санитарлық-эпидемиологиялық стансада хатшы болып бастаған. Кейін Жезқазғанға келіп «Дидар» телеарнасына ЭВМ операторы болып жұмысқа орналасты. Журналистер ойын қағазға түсіретін Бақытгүл Жарылқасынқызы ақпарат айдынында осылайша төселе түсті. Кейіннен барлық бағдарламаларды эфирге шығаратын техник мамандығын меңгеріп алды. Ал 2004 жылы бағдарламалар тізімін жасаушы қызметінің құлағын ұстады. Міне, содан бері аталған қызметті абыроймен атқарып келе жатқан оған телеарна басшысы мұрағат жұмысын да сеніп қоса тапсырды.

Таңғы сағат сегізден бастап аймақ халқын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранымен оятатын «Дидар» телеарнасының сағат түнгі 12-ге дейінгі барлық бағдарламаларын секундына дейін есептеп техник мамандарға ұсынады. Монтаж парағын тізімдеп қана қоймай, әрқайсысын көрермендердің жасына, уақытына, апта күндеріне қарай жіктейді. «СТВ» телеарнасымен жасалған келісімшарт негізінде тек аймақтық қана емес, республикалық жаңалықтарды, концерттік бағдарламаларды эфирге ұсынады. Сондай-ақ, арнайы тәжімаланған кинолар мен телесериалдарды да назарға ұсынады.

Бақытгүл Жарылқасынқызы жауапты екінші жұмыс – телеарна мұрағаты. Жарты ғасырдан астам мерзімде бүгінгіге дейінгі тарихтың куәгері болған телеарна мұрағатынан жалпы еліміз үшін маңызды оқиғалар мен қайраткер тұлғалар жайлы таптармас құнды деректерді кезіктіруге болады. 1997 жылы Жезқазған облыс мәртебесінен айрылған соң облыстық телерадио комитеті де тарап, осы уақытқа дейін жиналған барлық телеарна архиві ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете барды. Яғни, әр журналист өзіне қатысты дүниені меншіктеп кетті. 1999 жылы Базарбай Әлеуханұлының басшылық қызметке тағайындалды. Ол қызметіне кіріскен бір ай ішінде телеарна мұрағатын қайта қалпына келтіру туралы бұйрық шығарды. Соның нәтижесінде бұрынғы талан-таражға түскен бейнематериалдар базасы жинақталып, қайта қалпына келтірілді. Міне, бүгінде осынау күрделі жұмысты өз міндетіне алып отырған Бақытгүл ханым жан-жақтылығымен, қай істе де тиянақтылығымен және мол жауапкершілігімен басшылықты дән риза етіп, әріптестерін таңқалдырудан танған емес. Ол жетекшілік еткен уақыт мерзімінде мұрағаттағы ескі кассеталар цифрландырылып, жаңадан дискіге көшірілді.

Ол ұжымдағы кәсіподақ комитетінің де белсенді мүшесі. Аға буынның алғысын арқалап, жас әріптестерінің жанашырына айналған оны телеарна ұжымының қай-қайсысы да арда көңілмен құрмет тұтып, үлгі етеді.




«Дидар» телеарнасы ұжымы жыл сайын жас журналистермен толығып келеді. «Журналист болу – мамандық емес, ол – өнер» деген телеарнаның бас редакторы Елдос Кәкенов бізді өз қызметіне берілген, талапты жас журналист Маржан Ғабдысаттармен жүздестірді. Күнделікті жаңалықтар тізгінін ұстаушы Маржанды арнаның кез келген көрермені бірден таныры сөзсіз. Бүгінде әдемі дауыс ырғағы мен тартымды сөйлеу мәнері арқасында көптің ықыласына бөленіп жүрген Маржан – Байқоңыр ауылының тумасы. Арғы атасы Аманкелді Имановтың туған нағашысы, ел арасында зор құрметке ие қажы, «Дулығалы» мешітін салдырған Құлмұханбет ишанның ұрпағы. 1993 жылы дүниеге келген ол бала күнінен гуманитарлық пәндерге жақын болды. Жазу-сызуға, өлең шығарып, ән салғанды да жақсы көретін ол әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін филология мамандығы бойынша тәмәмдады. Сөйтіп 2015 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің баспасөз хатшысы болып жұмысқа орналасты. Осы арада қосымша «Kazakh TV» телеарнасының «Киелі жерлер» бағдарламасында редактор болып та жұмыс істеп жүрді.

2017 жылы кезекті еңбек демалысына шығып ауылына келген ол жергілікті «Дидар» телеарнасында жаңалықтар бағдарламасына іріктеу жарияланып жатқанын естіп, бақ сынап көруге шешім қабылдады. Телеарнаға барып әңгімелесуден өтті. Бір аптадан соң Маржанның телефонына қоңырау шалынып, «Дидар» телеарнасына тілші болуға ұсыныс түсті. Бұл кезде оның еңбек демалысы бітіп, Алматы шаһарына қайтып кеткен еді. Дереу анасына хабарласып, мән-жайды айтқан Маржан жақын жандарының тілегін қош көріп, бір күн ішінде барлық жүгін жинап Арқа төсіндегі ақпарат айдынына қарай тартып отырды. Міне, содан бері «Дидар» телеарнасының тілшісі. Кейіннен дикторлыққа да бейімделді. Алғашқы жаңалықтар бағдарламасына арналған бейнематериалы – қаржы саласы қызметкерлеріне арналды. Тырнақалды туындысының түсірілімінде тосылып тұрған Маржанға тәжірибелі оператор маман Нұрлан Исмайловтың көмегі көп тиді. Өзге де әріптес аға-апаларының жол сілтеуі арқасында шыңдала түскен Маржан бүгінде өзі де кейіннен қатарға қосылған жас журналистерге тәлімгерлік етіп жүр.

Жас журналистің көпті сүйсіндірер тағы бір қасиеті – ақындық қыры.

Қарсы алды қолын бұлғап сағымдары,
Қыстың тоңын шешпепті ауыл маңы.
Самарқанның көк тасы жібігенде
Жібімейді-ау Арқаның қалың қары.
Еркелігін қызының сөкпейді тек,
Самал желі маңдайдан өкпейді кеп.
Кейде ойлаймын, шыңдары Алатаудың
Қырына Ұлытаудың жетпейді деп.

Бұл – Маржан қыздың туған жерін қимай, жанарына жас тола Алматыға қарай аттанып бара жатқан кезінде шығарған өлеңі екен. Кіндік қаны тамған жерге деген адалдық осындай-ақ болсын. Қанша жерден үлкен, көпке белгілі алмалы өлкені жезді өлке Жезқазғанға айырбастап келгеніне еш өкінген емес. Тек журналистика емес, түрлі қоғамдық іс-шаралардың басы-қасынан табылып жүретін ол 2018 жылы – «Ұлытау аруы» атанып, облыстық «Арқа аруы» байқауына жолдама алды. Аталған байқаудан Аманжол Әлтайдың «Шабыт» номинациясын қанжығасына байлады. Маржан бағындырар асулар әлі де алда екені анық.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ТАҒЗЫМ

# КЕМЕЛ ТҰЛҒА, КЕЛІСТІ БАСШЫ ЕДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Басшылық тізгінін нық ұстаған Жұмамәди Ибаділдаұлы қаланың шынайы жанашыры ретінде аянбай еңбек етті. Сол бір кезеңде елімізде жүргізілген жекешелендіруге қатысты игі істер мен реформалар да ең әуелі Жезқазған өңірінен бастау алған-тын. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтағы өзгерістер, отбасылық дәрігерлік амбулатория сияқты қанатқақты жаңа бастамалар жезқазғандық тәжірибе ретінде біртіндеп басқа өңірлерге ұсынылып жүрді. Жаппай нарықтық экономикаға көшкен кезде, әсіресе жекешеленген тұрғын үйлер мен коммуналдық шаруашылық иесіздікке ұшырай бастаған еді. Қала әкімінің пәрменімен тез арада жаңа құрылым – пәтер иелері кооперативтерін құру қолға алынды. Аптасына екі рет штаб мәжілісін өткізетін әкім жылу беру және электрмен жабдықтау кәсіпорындарының қалыпты жұмыс істеуі үшін негізгі қаржы көзі – коммуналдық төлемақылардың уақытылы жиналуын қадағалайтын. Қызметкерлердің коммуналдық салаға қарызы болған жағдайда мекеме басшыларына штаб үстінде қырғидай шүйілгетіні есімізде. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласында тұрмысқа енді ене бастаған ОДА-ларды орнықтыру да оңай болмады. Бұрын тек мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың мойнында болатын қала тазалығы мен абаттандыру мәселесі де әкімнің күнделікті араласуымен ойдағыдай шешімін тапты. Қала басшысының ыждағаттылығы мен берілген тапсырмаларының орындалысын жіті қадағалауы нәтижесінде Жезқазған бірер жылдың ішінде көркейіп, республикадағы көрікті әрі таза қалалардың қатарында аталатын болды.



Жұмекеңнің алысты барлап, тереңнен ойлайтын қасиеті мол болатын. Соның арқасында ел арасында шоқтығы ерекшеленіп, кемел тұлға ретінде танылды. Рухани-мәдени өмірге де айрықша көңіл бөлетін. Сарыарқаның сауырындағы Жезқазған-Ұлытау өңірінің көшпенділер өркениетінің көне ошағы болғанын ұдайы алға тартып отыратын. Ежелгі Жошы ұлысының Алтын орда, Көк ордасынан бастап қазақ хандарының мемлекеттігіне дейінгі талай шежіреге арқау болған қасиетті даланың тарихына үңілуді де ұмытпай, ізгі жобаларға қолдау көрсете білді. Үш жүздің басын қосқан Ұлытау өңіріндегі оқиғалар мен ерекше тұлғалардың ұмыт бола бастаған тұстарын архив деректері арқылы жаңғыртуды мақсат тұтып, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында нақты шаралар атқарды. Жергілікті қаламгерлердің қалтасына қаржы салып арнайы тапсырмамен Омбыға жіберді. Белгілі қаламгер Қуаныш Ахметовтің «Ұлы Даланың Ұлытауы» атты екі томдық құнды кітабы осындай қамқорлықтың арқасында дүниеге келген еді. Көп басшылардың бойынан табыла бермейтін ел мен жер тарихын зерделеу, әдебиет пен өнерді бір кісідей пайымдап, рухани сала адамдарына жанашырлық таныту ол кісіге тән қасиет болатын. Бүгінгі әкімдер арасында газет оқитындары жоққа тән ғой. Ал, мен бес жылдай «Сарыарқаның редакторы болғанда газетте жарияланған өзекті мәселелердің Жұмекеңнің назарынан тыс қалғанын көрмеппін. Кейде бір тақырыпқа байланысты арнайы шақырып алып, әр сөйлемнің астарынан «бірдеңе» іздегендей болғанда келіспей қалатын кезіміз де болушы еді. Турасын айтқанда Жұмекең кезінде тура осындай бар салаға байыппен қарайтын әкім болды. Оның Астанадағы баспалардың бірінен шығарған «Жер кіндігі Жезқазған – Еуразия жүрегі» деген тарихи-танымдық кітабы да азаматты жаңа бір қырынан танытқаны анық. Қасиетті Ұлытау мен Жезқазған өңірінің терең тарихынан бастап бүгініне дейін толғана сыр шертетін бұл кітап шынтуайтында құнды еңбек.

Бүгінде біреу біледі, біреу білмейді, Жезқазған облысы таратылып Қарағандыға қосылғанда бұрынғы облыстық деңгейдегі мәдени мекемелерді ықшамдау ұстанымы болды. Қала бюджетіне салмақ салады деген желеумен театр, филармония сияқты мәдени мекемелердің жабылу қауіпі туындады. Осындай сындарлы шақта Жұмамәди Ибаділдаұлы айтарлықтай қайраткерлік танытып, қаладағы мәдени-өнер мекемелерін сақтап қалудың жолын тапты. Міне, сол кезеңнен аман өткен Халықтар достығы мен мәдениеті үйі мен ондағы Т.Қалмағанбетов атындағы филармония, С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры және тарихи-археологиялық музей бүгінге дейін қала жұртшылығының өнердегі тәу етер сүйікті ұясына айналып келеді. Жезқазған өнерінің даңқын шығарған сол тұстағы «Ұлытау үні» фестивалі мен оның аясындағы халқымыздың мақтанышына айналған тұлғалардың шығармашылық кештеріне, сондай-ақ, бірнеше жыл қатарынан қанат жайған республикалық театрлар фестиваліне де қала әкімі тарапынан үлкен қолдау жасалғаны есте. Он жыл бойы орныққан орнын абыроймен тапсырған Жұмекең 2005 жылдың қазан айында Қарағанды облысы әкімінің кеңесшісі болып ауысты. Бір жылдан кейін облыстық Азаматтық қорғаныс, апаттың алдын алу мен оны жоюды ұйымдастыру басқармасының басшылығына тағайындалып зейнетке шыққанша жеті жыл жемісті еңбек етті. Ол сол уақыттардың өзінде туған өңірдегі елдік істерге жиі араласып, тиісті жерлерде қолдауы мен көмегін аямайтын.

Иә, білікті басшы халықтың қолдауымен ел ішінде еркін жүріп, кемел тұлғаға айналды. Ең бастысы, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Айтулы азаматтың артында бедерлі де берекелі істері қалды. Жезқазғанның Жұмамәдиін қалың жұрты қашанда ұмытпайды. Жатқан жері жайлы болсын, жайсаң жанның!

**Амандық РАХҰЛЫ**

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

# ҚАҺАРМАНДАР

**Ұлы Отан соғысының ардагері**
**Сүйіндік Дүйсенбаев**




Сүйіндік Дүйсенбаев 1918 жылы дүниеге келген. 7 сыныптық білімі бар. 1940 жылдан Кеңес одағы Коммунистік партиясының мүшесі. 1942 жылы Қоңырат аудандық партия комитеті хатшысының көмекшісі болып қызмет атқарады. 1942-1945 жылдары Сталинград майданының 34-ші армияның, 272 полкі, 4 батареясы командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болған.

1943 жылы Дондағы Ростов қаласын азат етуге қатысады. Сондай-ақ үшінші Харковь танк училищесінде білім алады. 1944-1945 жылдары бірінші Беларусь майданында Берлинді алу үшін болған ұрыста жараланып, 226-шы госпиталда емделіп шығады. Әскери атағы гвардия аға лейтенанты. Жауынгерлік ерлігі бағаланып I-II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен марапатталған.

Сүйіндік Дүйсенбаев соғыстан кейін колхоз төрағасы, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы тағы да басқа жауапты қызметтерді атқарған. 1985 жылдан дербес зейнеткер.

**Ұлы Отан соғысының ардагері**
**Ермағанбет Бекмағанбетов**

Ермағанбет Бекмағанбетов 1923 жылы 16 қазан күні бұрынғы Ақмола губерниясы, Атбасар уезі, №8 ауылда дүниеге келген. Білімі орта. 1938 жылы фабрика-зауыт оқуларында оқып, 1942 жылға дейін Қарсақбай мыс қорыту заводында жұмыс істеген. Осы жылы Ұлы Отан соғысына майданға аттанады.

1944 жылы соғыста жараланып, елге оралады. Әуелі ұста, кейін есепші, бухгалтер, экономист, кладовщик, бас агроном болып қызметтер атқарады.

1947 жылы Кеңес одағы Коммунистік партиясының мүшелігіне қабылданады.

1985 жылы Кішітау селолық кеңесіне депутат болып сайланады.

Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін бірнеше медальдар мен ордендермен, Еңбек ардагері медалімен марапатталған.

**Ұлы Отан соғысының ардагері**
**Жарылғап Таубаев**

Жарылғап Таубаев 1941 жылы Қарағанды облысы, Жезді ауданы, Қарсақбай поселкесінен әскер қатарына шақырылады.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан-ақ ел қорғауға аттанады. Курск облысының, Дмитриев қаласындағы №277-ші атқыштар дивизиясына түседі. 1942 жылы Харьков, Купянск қалалары үшін болған шайқастарға қатысады.

Жауынгер Жарылғап Таубаев 1942-1943 жылдары Сталинград түбінде неміс басқыншыларына қарсы соғысты. №277-ші атқыштар дивизиясында болған жауынгер Таубаев жаудың талайымен бетпе-бет ұшырасты. Есесін жіберген жоқ. Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап, 1945 жылы аман-есен елге оралған майдангер.

Одан кейінгі өмірін еңбекпен шыңдаған жауынгер 1945 жылдан 1955 жылға дейін Қарсақбай мыс қорыту зауытының темір жол цехында аға машинист болып еңбек етеді. 1955-1958 жылдары Свердловск қаласының Теміржол институтында білім алады. Институтты бітіргеннен кейін, Қарсақбайда цех бастығы болып қызмет атқарды.

40 жылдан астам Кеңес одағы Коммунистік партиясының мүшесі болған.

**Ұлы Отан соғысының ардагері**
**Абдіқадыр Дүйсенбекұлы Абдулаев**

Абдиқадыр Абдулаев 1925 жылы Қырғызстан республикасы, Ош облысы, Андижан қаласында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1939 жылы Джалал-Абад қаласында орта мектепке барып, 1940 жылы 7 сыныптық білім алып шығады. 1940 жылдан «Ақ боран» колхозында ара-бал (омарта) шаруашылығымен айналысады.

Абдиқадыр Абдулаев 1943 жылы 15 наурызда 18 жасында Джалал-Абад қаласынан майданға аттанады. Ұлы Отан соғысында бірнеше елді - мекендерді және Минск, Смоленск, Витебск және Калининград қалаларын неміс басқыншыларынан азат етуге қатысқан. Осы ерліктері үшін соғыс жылдары «Ерлігі үшін» медалімен үш мәрте марапатталған.

1946 жылы елге оралып, 1948 жылға дейін әскери мектепте кіші техник болып қызмет етеді. 1949 жылдан 1959 жылға дейін Ош облысы, Ленин ауданында бас кітапханашы болып қызмет етеді. 1959 жылдан 1994 жылға дейін «Жезқазғантүстіметалл» мекемесінде еңбек еткен.

**Ұлы Отан соғысының ардагері**
**Көпей Нұржанов**

Көпей Нұржанов 1917 жылы қазіргі Ұлытау ауданы, Ұлытау селосында дүниеге келген. 1930 жылға дейін Қызылтау деген жерде бастауыш мектепте оқып білім алады. 1930-1936 жылдары Қарсақбайда фабрика-зауыт оқулары мектебінде оқиды. 1932 жылы комсомол мүшесі болады.

1936-1938 жылдары Айыртау колхозында бригадир болып еңбек етеді. 1938–1939 жылдары Ақмола қаласында мал мамандарын дайындайтын екі жылдық училищеде білім алып шығады. Оқуды бітіріп колхозға қайтып келіп, сол жерде бригадир болып жұмыс істейді.

Көпей Нұржанов 1941 жылы соғысқа аттанады. 1943 жылы ауыр жараланып ауылына қайтып оралады. 1945 жылға дейін колхозда ферма бастығы болып, 1946 жылдан 1959 жылдарға дейін Айыртау, Алғабас, Үлгілі колхоздарының төрағасы болып жұмыс істейді. 1948 жылдан Кеңес одағы Коммунистік партиясының мүшесі.

1959-1960 жылдары Ұлытау ауданындағы қамсыздандыру мекемесінің бастығы болып қызмет атқарады. 1961-1974 жылдары Ұлытау совхозының ферма басқармашысы, 1974-1985 жылдары комендант қызметін атқарады.

Көпей ақсақал 1978 жылы зейнеткерлікке шығады. Еңбек ардагері, селолық кеңестің депутаты болған

*Мәліметтер Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің №322 қор,*



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ САУАТЫ АРТА ТҮСТІ

**Халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығының деңгейін анықтайтын жыл сайынғы тәуелсіз әлеуметтік зерттеудің қорытындысы шығарылды.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Зерттеуді Стратегиялық зерттеулер орталығы Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаласының тұрғындары арасында жаппай сауалнама жүргізу әдісімен өткізді. Жалпы алғанда 3000 респондент сауалнамаға қатысты, олардың ішінде жалдамалы қызметкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыссыз адамдар бар. Респонденттердің басым бөлігі (сауалнамаға қатысқандардың 899-ы немесе 29,97%) коммерциялық бизнес саласында жұмыс істейтіндер. Одан кейінгілер өндірістік бизнесте жұмыспен қамтылғандар – 386 респондент немесе сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 12,87%-ы. Сұралғандардың арасында маңыздылығы жағынан үшінші топ – 368 адам немесе 12,27% болатын ауыл шаруашылығы қызметкерлері болды. Ғылым саласында қызмет ететіндердің саны ең азы болып шықты, 30 респондент немесе сұралғандардың жалпы санының 2,87%-ы өздерін осы қызмет саласына жатқызады.

Зерттеу сауалнамасы сұрақтарының негізгі дені Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын анықтауға бағытталған 24 сұрақтан тұрды.

Сауалнаманың нәтижелері халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы сауаттылық деңгейінің жоғарылағанын көрсетті.

Қаржылық сауаттылықтың базалық деңгейі 63,4% болды (алдыңғы көрсеткіш 2018 жылы 60,2%, 2017 жылы 58,2%).

Қаржылық сауаттылықтың озық деңгейін 26,9% респондент құрады (2018 жылы 25,3%, 2017 жылы 24,7%).

Бұдан халықтың білімі мен қаржылық сауаттылық деңгейінің жылдан жылға біртіндеп өсіп келе жатқанын көруге болады.

Базалық деңгейді растау үшін бірқатар сұрақтарға жауап беру қажет болды. Атап айтқанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің операторы кім; БЖЗҚ функциялары; зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдерінің қандай түрлері бар деген тәрізді және т. б. сұрақтар қойылды.

Базалық білім деңгейін бағалау үшін қойылған барлық сұрақтар бойынша дұрыс жауаптар үлесінің көбейгендігі байқалды.

Сонымен зейнетақы төлемдерінің түрлері туралы дұрыс жауаптардың үлесі 37% - дан 45% дейін, зейнетақы жарналарының түрлері туралы дұрыс жауаптардың үлесі 74% - дан 77% дейін, БЖЗҚ қызметтері туралы 52% - дан 79% дейін, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің операторы кім болып табылатыны туралы 60% - дан 64% дейін өсті.

Тек зейнет жасына қатысты сауал ғана жылдан жылға респонденттер үшін қиындап бара жатқандай. Мәселен, 2017 жылы – әйелдер үшін зейнетке шығу 58 жас, ерлер үшін – 63 жас болған кезде дұрыс жауаптар үлесі 80% болған еді. Ал 2018 жылдан бастап әйелдер үшін зейнетке шығу 2023 жылы 63 жасқа толғанға дейін жыл сайын 0,5 жылға өсіп отыратын болды. Осы өзгерістерге байланысты 2018 жылы зейнеткерлік жас туралы дұрыс жауаптардың үлесі 78% дейін, 2019 жылы 53% дейін төмендеп кетті.

Жоғары білім деңгейін бағалауға арналған сауалдар күрделірек болды: зейнетақы жинақтарын қандай ұйым инвестициялайды, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі инвестициялық табыс, зейнетақы аннуитеті, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік, салық салу және т. б.

Осылайша зейнетақы жинақтарын инвестициялайтын ұйым туралы сауалға қатысты дұрыс жауаптар үлесі 15% – дан 30% дейін өсті, зейнетақы жинақтарының түрлі қаржы құралдарына инвестицияланатыны және инвестициялық табыс есебінен көбейетіндігі туралы сұраққа берілген дұрыс жауаптар үлесі 35% - дан 38% дейін, зейнетақы төлемдеріне салынатын салық туралы берілген дұрыс жауаптар 22% - дан 28% дейін өсті.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің басым бөлігінің БЖЗҚ-ның негізгі функциялары туралы хабардар екенін көрсетті. Бұл БЖЗҚ-ның жинақтаушы зейнетақы жүйесінде атқаратын рөлі туралы жалпы түсініктің бар екенін, сондай-ақ халықтың басым бөлігінің олардың қаржылық әл-ауқатының негізгі көзі БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы жинақтары болады деген пікірді ұстанатындықтарын білдіреді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 1437-сі немесе жалпы санының 47,9% дәл осылай жауап берді. Респонденттердің 23,63% пікірінше, мемлекет тарапынан берілетін зейнетақы – маңыздылығы жағынан екінші орында, ал басқа жинақтарға сұралғандардың жалпы санының тек 11,57% ғана сенім артады.

Респонденттер үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ақпараттың негізгі көзі БЖЗҚ-ның ресми сайты және Қордың қызмет көрсету кеңселері болып табылатыны да маңызды мәлімет. Пайыздық қатынаста бірінші әдіс



сұралғандардың 29% үшін, екіншісі 23,8% үшін өзекті. Ақпарат көздері арасында таныстардан ақпарат алу 12,6% көрсеткішпен үшінші орынды иеленді. ENPF ұялы қосымшасының ақпарат көзі ретінде танымалдығы да басқа тәсілдерден еш кем емес, оның көмегімен респонденттердің 9,2% Қордың жұмысы туралы әрдайым пайдалы ақпарат алып отырады.

Зерттеу барысында халыққа қосымша түсіндіруді талап ететін тақырыптар да анықталды. Олардың ішінде зейнетақы жинақтарының негізгі мақсаты, оларды инвестициялау және сақтау кепілдігі, өз зейнетақысын болжау мүмкіндігі, ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері мен төлеу шарттары, бірыңғай жиынтық төлем шеңберінде міндетті зейнетақы жарналарын төлеу сияқты мәселелер бар.

Зерттеу қорытындылары Қазақстан халқы арасында зейнетақы жүйесі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру барысында ескерілетін болады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

## РЕШЕНИЕ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

*город Жезказган* *№ 47/411 от 10 июня 2020 года*

# О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В РЕШЕНИЕ XXXXII СЕССИИ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 27 ДЕКАБРЯ 2019 ГОДА №42/371 «О БЮДЖЕТЕ СЕЛЬСКИХ ОКРУГОВ НА 2020-2022 ГОДЫ»

***Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 19 июня 2020 года за №5890 в Департаменте Юстиции Карагандинской области Министерства Юстиции Республики Казахстан***

В соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Жезказганский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение XXXXII сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №42/371 «О бюджете сельских округов на 2020-2022 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5626, опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 06 января 2020 года, в газете «Сарыарқа» 24 января 2020 года №3 (8167), в газете «Жезказганский вестник» 24 января 2020 года №3 (310) следующие изменения:

пункт 1 изложить в следующей редакции:

«1. Утвердить бюджет Кенгирского сельского округа на 2020-2022 годы согласно приложениям 1, 2, 3 соответственно, в том числе на 2020 год в следующих объёмах:

1) доходы – 82619 тысяч тенге, в том числе:
налоговые поступления – 250 тысяч тенге;
неналоговые поступления – 36 тысяч тенге;
поступления от продажи основного капитала – 0 тысяч тенге;
поступления трансфертов – 82333 тысяч тенге;
2) затраты – 82619 тысяч тенге;
3) чистое бюджетное кредитование – 0 тысяч тенге, в том числе:
бюджетные кредиты – 0 тысяч тенге;
погашение бюджетных кредитов – 0 тысяч тенге;
4) сальдо по операциям с финансовыми активами – 0 тысяч тенге, в том числе:
приобретение финансовых активов – 0 тысяч тенге;
поступления от продажи финансовых активов государства – 0 тысяч тенге;
5) дефицит (профицит) бюджета – минус 0 тысяч тенге;
6) финансирование дефицита (использование профицита) бюджета – 0 тысяч тенге, в том числе:
поступления займов – 0 тысяч тенге;
погашения займов – 0 тысяч тенге;
используемые остатки бюджетных средств – 0 тысяч тенге.»;

пункт 2 изложить в следующей редакции:

«2. Утвердить бюджет Талапского сельского округа на 2020-2022 годы согласно приложениям 4, 5, 6 соответственно, в том числе на 2020 год в следующих объёмах:

1) доходы – 45493 тысяч тенге, в том числе:
налоговые поступления – 62 тысяч тенге;
неналоговые поступления – 0 тысяч тенге;
поступления от продажи основного капитала – 0 тысяч тенге;
поступления трансфертов – 45431 тысяч тенге;
2) затраты – 45493 тысяч тенге;
3) чистое бюджетное кредитование – 0 тысяч тенге, в том числе:
бюджетные кредиты – 0 тысяч тенге;
погашение бюджетных кредитов – 0 тысяч тенге;
4) сальдо по операциям с финансовыми активами – 0 тысяч тенге, в том числе:
приобретение финансовых активов – 0 тысяч тенге;
поступления от продажи финансовых активов государства – 0 тысяч тенге;
5) дефицит (профицит) бюджета – минус 0 тысяч тенге;
6) финансирование дефицита (использование профицита) бюджета – 0 тысяч тенге, в том числе:
поступления займов – 0 тысяч тенге;
погашения займов – 0 тысяч тенге;
используемые остатки бюджетных средств – 0 тысяч тенге.»;

пункт 3 изложить в следующей редакции:

«3.Утвердить бюджет Сарыкенгирского сельского округа на 2020-2022 годы согласно приложениям 7, 8, 9 соответственно, в том числе на 2020 год в следующих объёмах:

1) доходы – 45906 тысяч тенге, в том числе:
налоговые поступления – 81 тысяч тенге;
неналоговые поступления – 0 тысяч тенге;
поступления от продажи основного капитала – 0 тысяч тенге;
поступления трансфертов – 45825 тысяч тенге;
2) затраты – 45906 тысяч тенге;
3) чистое бюджетное кредитование – 0 тысяч тенге, в том числе:
бюджетные кредиты – 0 тысяч тенге;
погашение бюджетных кредитов – 0 тысяч тенге;
4) сальдо по операциям с финансовыми активами – 0 тысяч тенге, в том числе:
приобретение финансовых активов – 0 тысяч тенге;
поступления от продажи финансовых активов государства – 0 тысяч тенге;
5) дефицит (профицит) бюджета – минус 0 тысяч тенге;
6) финансирование дефицита (использование профицита) бюджета – 0 тысяч тенге, в том числе:
поступления займов – 0 тысяч тенге;
погашения займов – 0 тысяч тенге;
используемые остатки бюджетных средств – 0 тысяч тенге.»;

приложения 1, 4, 7, 11 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложениям 1, 2, 3, 4 к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2020 года.

**Председатель сессии С. ФИЛИПОВИЧ**
**Секретарь Жезказганского городского маслихата**
**С. МЕДЕБАЕВ**

*Приложение 1 к решению Жезказганского городского маслихата от 10 июня 2020 года № 47/411*

*Приложение 1 к решению XXXXII сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №42/371*

## Бюджет Кенгирского сельского округа на 2020 год

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Доходы | 82619 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 250 |
| | 01 | | Подоходный налог | 30 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 30 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 220 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 125 |
| | | 3 | Земельный налог | 90 |
| | | 4 | Налог на транспортные средства | 5 |
| 2 | | | Неналоговые поступления | 36 |
| | 01 | | Доходы от государственной собственности | 36 |
| | | 5 | Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности | 36 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 82333 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 82333 |
| | | 3 | Трансферты из районного (города областного значения) бюджета | 82333 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Затраты | 82619 |
| 01 | | | | Государственные услуги общего характера | 40403 |
| | 1 | | | Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления | 40403 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 40403 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 40403 |
| 07 | | | | Жилищно-коммунальное хозяйство | 17459 |
| | 3 | | | Благоустройство населенных пунктов | 17459 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 17459 |
| | | | 008 | Освещение улиц в населенных пунктах | 7761 |
| | | | 009 | Обеспечение санитарии населенных пунктов | 5983 |
| | | | 011 | Благоустройство и озеленение населенных пунктов | 3715 |
| 12 | | | | Транспорт и коммуникации | 22328 |
| | 1 | | | Автомобильный транспорт | 22328 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения села, поселка, сельского округа | 22328 |
| | | | 013 | Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах | 2143 |
| | | | 045 | Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах | 20185 |
| 13 | | | | Прочие | 2429 |
| | 9 | | | Прочие | 2429 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 2429 |
| | | | 040 | Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Государственной программы развития регионов до 2025 года | 2429 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III.Чистое бюджетное кредитование | 0 |
| | | | | Бюджетные кредиты | 0 |

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Погашение бюджетных кредитов | 0 |
| | 01 | | Погашение бюджетных кредитов | 0 |
| | | 1 | Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета | 0 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Сальдо по операциям с финансовыми активами: | 0 |
| | | | | Приобретение финансовых активов | 0 |

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Поступление от продажи финансовых активов государства | 0 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Дефицит (профицит) бюджета | -0 |
| | | | | VI. Финансирование дефицита бюджета (использование профицита) бюджета: | 0 |

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Поступление займов | 0 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Погашение займов | 0 |
| | 1 | | | Погашение займов | 0 |

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Используемые остатки бюджетных средств | 0 |

*Приложение 2 к решению Жезказганского городского маслихата от 10 июня 2020 года № 47/411*

*Приложение 4 к решению XXXXII сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №42/371*

## Бюджет Талапского сельского округа на 2020 год

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Доходы | 45493 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 62 |
| | 01 | | Подоходный налог | 10 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 10 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 52 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 18 |
| | | 3 | Земельный налог | 34 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 45431 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 45431 |
| | | 3 | Трансферты из районного (города областного значения) бюджета | 45431 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Затраты | 45493 |
| 01 | | | | Государственные услуги общего характера | 43059 |
| | 1 | | | Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления | 43059 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 43059 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 30022 |
| | | | 022 | Капитальные расходы государственного органа | 13037 |
| 07 | | | | Жилищно-коммунальное хозяйство | 1476 |
| | 3 | | | Благоустройство населенных пунктов | 1476 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 1476 |
| | | | 008 | Освещение улиц в населенных пунктах | 1096 |
| | | | 011 | Благоустройство и озеленение населенных пунктов | 380 |
| 12 | | | | Транспорт и коммуникации | 446 |
| | 1 | | | Автомобильный транспорт | 446 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 446 |
| | | | 013 | Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах | 446 |
| 13 | | | | Прочие | 512 |
| | 9 | | | Прочие | 512 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 512 |
| | | | 040 | Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов в реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Государственной программы развития регионов до 2025 года | 512 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III.Чистое бюджетное кредитование | 0 |
| | | | | Бюджетные кредиты | 0 |

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | |
| 5 | | | Погашение бюджетных кредитов | 0 |
| | 01 | | Погашение бюджетных кредитов | 0 |
| | | 1 | Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета | 0 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Сальдо по операциям с финансовыми активами: | 0 |
| | | | | Приобретение финансовых активов | 0 |

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Поступление от продажи финансовых активов государства | 0 |

| Функциональная группа | Функциональная подгруппа | Администратор бюджетных программ | Программа | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Дефицит (профицит) бюджета | -0 |
| | | | | VI. Финансирование дефицита бюджета (использование профицита) бюджета: | 0 |

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Поступление займов | 0 |

►►6-стр.

# РЕШЕНИЕ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

*(Конец. Начало на 5-стр.)*

| Функциональная группа | | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функциональная подгруппа | | | | |
| | | Администратор бюджетных программ | | | |
| | | | Программа | | |
| | | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Погашение займов | 0 |
| | 1 | | | Погашение займов | 0 |

| Категория | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| | Класс | | | |
| | | Подкласс | | |
| | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Используемые остатки бюджетных средств | 0 |

*Приложение 3 к решению Жезказганского городского маслихата от 10 июня 2020 года № 47/411*

*Приложение 7 к решению XXXXII сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №42/371*

## Бюджет Сарыкенгирского сельского округа на 2020 год

| Категория | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| | Класс | | | |
| | | Подкласс | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Доходы | 45906 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 81 |
| | 01 | | Подоходный налог | 3 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 3 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 78 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 13 |
| | | 3 | Земельный налог | 65 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 45825 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 45825 |
| | | 3 | Трансферты из районного (города областного значения) бюджета | 45825 |

| Функциональная группа | | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функциональная подгруппа | | | | |
| | | Администратор бюджетных программ | | | |
| | | | Программа | | |
| | | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Затраты | 45906 |
| 01 | | | | Государственные услуги общего характера | 44723 |
| | 1 | | | Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления | 44723 |
| | | 124 | | **Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа** | 44723 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 28463 |
| | | | 022 | Капитальные расходы государственного органа | 16260 |
| 07 | | | | Жилищно-коммунальное хозяйство | 400 |
| | 3 | | | Благоустройство населенных пунктов | 400 |
| | | 124 | | **Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа** | 400 |
| | | | 008 | Освещение улиц в населенных пунктах | 400 |
| 12 | | | | Транспорт и коммуникации | 447 |
| | 1 | | | Автомобильный транспорт | 447 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 447 |
| | | | 013 | Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах | 447 |
| 13 | | | | Прочие | 336 |
| | 9 | | | Прочие | 336 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 336 |
| | | | 040 | Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов в реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Государственной программы развития регионов до 2025 года | 336 |

| Функциональная группа | | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функциональная подгруппа | | | | |
| | | Администратор бюджетных программ | | | |
| | | | Программа | | |
| | | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III.Чистое бюджетное кредитование | 0 |
| | | | | Бюджетные кредиты | 0 |

| Категория | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| | Класс | | | |
| | | Подкласс | | |
| | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Погашение бюджетных кредитов | 0 |
| | 01 | | Погашение бюджетных кредитов | 0 |
| | | 1 | Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета | 0 |

| Функциональная группа | | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функциональная подгруппа | | | | |
| | | Администратор бюджетных программ | | | |
| | | | Программа | | |
| | | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Сальдо по операциям с финансовыми активами: | 0 |
| | | | | Приобретение финансовых активов | 0 |

| Категория | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| | Класс | | | |
| | | Подкласс | | |
| | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Поступление от продажи финансовых активов государства | 0 |

| Функциональная группа | | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функциональная подгруппа | | | | |
| | | Администратор бюджетных программ | | | |
| | | | Программа | | |
| | | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Дефицит (профицит) бюджета | -0 |
| | | | | VI. Финансирование дефицита бюджета (использование профицита) бюджета: | 0 |

| Категория | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| | Класс | | | |
| | | Подкласс | | |
| | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Поступление займов | 0 |

| Функциональная группа | | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Функциональная подгруппа | | | | |
| | | Администратор бюджетных программ | | | |
| | | | Программа | | |
| | | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Погашение займов | 0 |
| | 1 | | | Погашение займов | 0 |

| Категория | | | | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|---|---|
| | Класс | | | |
| | | Подкласс | | |
| | | | Наименование | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Используемые остатки бюджетных средств | 0 |

*Приложение 4 к решению Жезказганского городского маслихата от 10 июня 2020 года № 47/411*
*Приложение 11 к решению XXXXII сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №42/371*

## Целевые трансферты передаваемые из городского бюджета в бюджеты сельских округов на 2020 год

| № п/п | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Целевые текущие трансферты, всего в том числе: | 51927 |
| 1 | На текущий ремонт футбольного поля села Кенгир | 1315 |
| 2 | На устройство спортивно-оздоровительной площадки на территории парка села Кенгир | 2400 |
| 3 | На ликвидацию стихийных свалок Кенгирского сельского округа | 5983 |
| 4 | На средний ремонт автомобильных дорог села Кенгир | 20185 |
| 5 | На внедрение новой системы оплаты труда всего, в том числе: | 22044 |
| | Кенгирский сельский округ | 10396 |
| | Талапский сельский округ | 7721 |
| | Сарыкенгирский сельский округ | 3927 |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік - құқықтық акті 19.06.2020 Нормативтік - құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5890 болып енгізілді***
***Результаты согласования***
***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 16.06.2020 11:43:57, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 16.06.2020 11:44:52, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Станислав Валентинович Филипович, 16.06.2020 11:49:29, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 17.06.2020 10:27:29, положительный результат проверки ЭЦП***

*город Жезказган № 48/416 от 13 июня 2020 года*

## О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ РЕШЕНИЯ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 27 СЕНТЯБРЯ 2016 ГОДА №4/50 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ВЫДАЧИ СЛУЖЕБНОГО УДОСТОВЕРЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «АППАРАТ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» И ЕГО ОПИСАНИЕ»

***Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 18 июня 2020 года за №5883 в Департаменте Юстиции Карагандинской области Министерства Юстиции Республики Казахстан***

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» Жезказганский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Признать утратившим силу решение Жезказганского городского маслихата от 27 сентября 2016 года № 4/50 «Об утверждении Правил выдачи служебного удостоверения государственного учреждения «Аппарат Жезказганского городского маслихата» и его описание» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3998, опубликовано в информационно - правовой системе «Әділет» от 31 октября 2016 года, в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 7 ноября 2016 года, от 4 ноября 2016 года № 45(8005) в газете «Сарыарқа», 4 ноября 2016 года № 45 (147) в газете «Жезказганский вестник»).

2. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Председатель сессии С. ФИЛИПОВИЧ**
**Секретарь Жезказганского городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік - құқықтық акті 18.06.2020 Нормативтік - құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5883 болып енгізілді***

***Результаты согласования***
***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 15.06.2020 10:01:41, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 15.06.2020 10:02:26, положительный результат проверки ЭЦП***
***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Станислав Валентинович Филипович, 15.06.2020 10:03:14, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 16.06.2020 15:31:04, положительный результат проверки ЭЦП***

# АЗАМАТТАРДЫ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

Ағымдағы жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскеи қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» жыл сайынғы Жарлыққа қол қойды.

Жезқазған қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 19 мамырдағы №18/04 қаулысы негізінде Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы бастығының 2020 жылдың көктемінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» бұйрығы шығарылды.

2020 жылдың көктемінде 120-дан астам әскерге шақырушыларды әскерге шақыру жоспарланды.

Осы уақытта ҰҚК Шекара қызметін және Ұлттық ұланды жасақтау жоспарлы түрде жүргізілуде.

Осы шақырудың ерекшеліктерінің бірі жүргізу мерзімдері болып табылады. Осымен 2020 жылғы 30 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің № 312 Жарлығымен азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу мерзімдері маусым айынан тамыз айына дейін ұзартылды, өйткені еліміздегі төтенше жағдайдың әрекеті кезеңінде әскерге шақыру және медициналық комиссиялардың жұмыстары тоқтатылды.

Бұл ретте әскерге шақырушылар және Қарулы Күштерін жасақтауға тартылған лауазымды тұлғалар арасында коронавирустық инфекцияны енгізілуін және таралуын ескерту, алдын алу шараларын күшейту мақсатында жиын (әскерге шақыру) пункттердің кіреберіс жерлерінде медициналық посттар (фильтрлар) орналастырылады. Жас буынды салтанатты шығарып салулар тоқтатылды

Сонымен шақырудың негізгі тапсырмасы әскерлерді дені сау және моральды даярланған жастармен жасақтау болып табылады.

Осыған байланысты шақыруды жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдар әскерге шақыру және медициналық комиссияларды құрайды, оның төрағасы әкім орынбасары ал медициналық комиссияның төрағасы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары болып табылады.

Көрсетілген комиссияның қабылданған шешімінің негізінде біздің жастар әскерге жолданады.

Әр әскер түрлерінде белгілі бір талаптар бар, сол талаптар бойынша әскерге шақырылушы қандай әскери бөлімдерде қызмет өткеретіні белгіленеді: Мысалы, Қорғаныс министрлігі Ұлттық университетінің әскери-ғылыми взводын жасақтау үшін –ІТмамандықтары, сондай-ақ әскерге шақырылушының денсаулық жағдайы маңызды, ал десанттық әскерлері және арнайы тағайындалған әскерлер үшін бойының параметрлері 170 см төмен емес сияқты әскерге шақырылушының дене бітімдері маңызды, спортшыларға талдау беріледі.

Әскерге шақырылғаннан және әскери бөлімдерге келгеннен кейін оларды екі апталық карантинге оқшалау отырып жас буынға ПТР-зерттеу әдісімен COVID -19-ға зертханалық зерттеу жүргізіледі. Карантин кезінде жас буынға медициналық тексеру және әлеуметтік-психологиялық зерделеу, сондай-ақ бастапқы әскери дайындық жүргізіледі. Әскерге шақырылғандардың бөлігі 6 ай ішінде мынадай әскери мамандықтар бойынша оқуды өтеді: БТР, БМП танк мехник-жүргізушісі, артиллериялық және миноатқыш каруларының командирлері және көздеушілері, инженерлік қамтамасыз ету мамандықтары, Қарулы Күштері оқу орталықтарында байланыс мамандары. Оқу аяқталысымен олар мамандар ретінде әскери бөлімдерге жолданатын болады.

Бұдан басқа негізгі дағдылардың арасында әскер жас адамдарды тәртіпке, жауапкершілікке, өздігіне үйретеді және дене күшіне шыдамдылыққа ие болады.

Әскерде берік достастық, бауырластық танылады, әскери қызметшілер топпен жұмыс жасағанды, оқу жаттығулардағы қиын-қыстау жағдайларда тапсырмаларды орындауға, тез ойлануға және шешім қабылдауға үйренеді, олар әскери қару-жарақты қолдануда, күрделі әскери техниканы пайдалуда техникалық дағдыларға ие болады.

Бұл ретте орта-техникалық немесе жоғары білім бар әскери қызметшілер мерзімді әскери қызметін 6 айын өткергеннен кейін келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге құқықтары бар. Атап айтқанда, егер әскерге шақырылушы өзінің өмірін әскери қызметпен байланыстыруды жоспарласа, онда ол келісімшарт бойынша қызметке жарты жылдан кейін-ақ кіре алады.

Сондай-ақ шақыру кезінде азаматтар әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға және босатуға құқықтары бар.

Мерзімін кейінге қалдыру келесі негіздер бойынша беріледі:

1) отбасы жағдайы бойынша;
2) білімін жалғастыру үшін;
3) денсаулық жағдайы бойынша;
4) басқа себептер бойынша мысалы;
1) оқытушыларға жұмысының барлық кезеңіне;
2) ауылды жерлердегі дәрігерлерге;
3) олардың құзірет мерзімдеріне Парламент немесе жергілікті өкілетті органдардың депутаттарына;
4) тергеу жүргізіліп жатқан тұлғаларға;
5)азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипаждарының мүшелері, азаматтық авиация инжернерлерін, механиктеріне және техниктеріне;
6) кеме экипаждарының мүшелеріне;
7) құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында алғашқы кәсіби дайындықтан өтіп жүрген тұлғаларға.

Маңызы аз емес жаңалықтың бірі мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар әскер шақырылушылардың санаттары кеңейтіледі. Атап айтқанда мерзімін кейінге қалдыру енді қосымша беріледі;

- оқытушыларға жұмысының барлық кезеңіне;
- құқыққорғау органдарының білім беру ұйымдарында алғашқы дайындықтан өтіп жүрген тұлғаларға .

Әскерге шақыру немесе мерзімді кейінге қалдыру бөлігінде барлық сұрақтар бойынша кеңес жүргізу үшін Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы жауапты лауазымды тұлғалар азаматтарды толғандыратын барлық сұрақтарды түсіндіреді және түсініктеме береді.

Сонымен қатар әскер қатарына шақырылған азаматтарға Қорғаныс министрлігінің басшылығы жағынан әскери қызметтің қауіпсіздігіне үлкен назар аударылуда. Ұдайы негізде әскери прокуратурамен, сондай-ақ әскери полиция органдарымен бірлесе отырып әскери ұжымда салауатты ортаны орнату үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Казарманың әр жайғасу орындарында, штабта, асханада БӨП, клубта барлық деңгейдегі басшылық құрамның, соның ішінде қызметтік телефоннан қоңырау шалу үшін қол жетімді сенім телефондары туралы ақпарат орналастырылған. Әскери қызметшілердің қызметтік әрекеттегі мәселелер туралы әр уақытта оларға қоңырау шалуға немесе СМС-хабарлама жолдауға мүмкіндіктері бар. Әр келіп түскен сигнал бойынша мәселелерді тексеру және жою бойынша, сондай-ақ осындай оқиғаларды алдағы уақытта болдырмау үшін алдын алу бойынша қажетті жұмыс жүргізілуде.

**Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы**

# МАЛШЫБАЙ СЕЛОСЫНЫҢ ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 36-1 бабы 11-тармағына сәйкес және Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының шешімі негізінде, Малшыбай селосының әкімі болып Аянбаев Ерғазы Егістайұлы тіркелді. Ол 1972 жылы туылған, «Жезқазған қаласы Малшыбай селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, Жезқазған қаласы Малшыбай селосының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының мүшесі, ұлты қазақ.

**Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының төрағасы**
**Б.Р. Битенова**
**Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының хатшысы**
**Т.Е. Мацедон**



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

*Құрметті Зағира Шорақызы!*

*Сізді 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өміріңіз бақыт пен махаббатқа, үміт пен сенімге толы болсын! Деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс-байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз!*



**Музей ұжымы**

# ЖАНЫ ІЗГІЛІКТІ ҚАЛАҒАН



Халықтың мәдени, интеллектуалдық деңгейін көтеретін орынның бірі – музей. Музей өз елінің, туған өлкенің, әлемдік өркениеттің мәдени және рухани мұрасын сүюге, тануға, түсінуге үйретеді. Осы саланы дамытуға өзіндік үлесін қосып жүрген Зағира Шорақызы Қалменова бүгін мерейлі 50 жасқа толып отыр.

Зағира Шорақызы 1988 жылы Жезқазған тарихи-өлкетану музейінде хатшы болып еңбек жолын бастайды, 2001 жылдан бастап қор бөлімінің кіші, ғылыми, аға ғылыми қызметкер дәрежесіне өсіп, 2013 жылдан музейдің көркем-көрме бөлімінің басшысы, ал 2017 жылдан музей басшысының орынбасары болып қызмет етеді.

Зағира Шорақызы музей – ісін дамыту жолында табысты еңбек етуде, жәдігерлерді жинақтау, тіркеу, сақтау жұмыстарын жетік меңгерген маман. Өлкеміздің білім, ғылым, денсаулық сақтау, өндіріс, ауылшаруашылықтың өркендеуіне сүбелі үлес қосқан азаматтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылатын «Тарих тұғырында» атты бағдарламасы аясында «Көше есімі берілген тұлғалар», «Жезқазған қаласының құрметті азаматтары», «Жезқазған қажылары» және «Ілгерілеу. Серпіліс. Жаңару», «Ерең еңбек иелері», «Ауылым –алтын бесігім» атты жаңа жобалардың тұсаукесерлерін, көрмелерін ашуға атсалысты.

Ауған соғысының тарихы арқау болған «Ауғанда от кешкендер», Ұлы Отан соғысы ардагерлері туралы «Жүрек жарасы», Жезқазған медициналық колледжі туралы «Мейірімділікке баулыған» кітаптарының, сондай-ақ музейдің «Археология», «Этнография» тақырыптарына арналған бірнеше кітаптардың редколлегия мүшесі болды. Музейдің «Аманат», «Мирас» театр студияларының сахналық қойылымдарының мәтінін жазып, қойылымдардың сәтті шығуына өз үлесін қосты. Музейдің құжаттарын рәсімдеу жұмыстарында тиянақты, тыңғылықты.

Зағира Шорақызын тұлға ретінде сипаттасақ, барлық жақсы қасиеттердің бойына дарытқан – адамгершілік, адалдық, әділдік, жауапкершілікті, адамның жанына демеу бола алатын ізгі жан. Өз мүддесін ойламай өзгелердің жағдайын ойлайтын қасиеті тағы бар. Атақ-марапаттарды іздеген емес, мансапқа қызықпайды. Тәңір дарытқан төлтума қалпынан қылдай ауытқымай, адами қасиеттерін өмір жолында сақтап қалды. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылын екі жақтап» деген ұлы Абайдың сөздері өмірлік ұстанымы секілді.

Ұжымның әйелдер қауымына үлгі тұтар тұстары көп, әсіресе ата-енесіне, өмірлік жарына деген құрметі, балаларына деген сүйіспеншілігі ерекше отбасының отанасы.

Музей ұжымындағы аса қадірлі әріптесімізді мерейтойымен құттықтап, мінсіз қызметі үшін зор алғысымызды білдіреміз.

**Эльвира МҰХАМЕДИНА, музейдің ғылыми қызметкері**

# ДАУДЫ ШЕШУДЕГІ ПСИХОЛОГ РӨЛІ

**Қазіргі уақытта ювеналды сотта барлық іс психологтың көмегімен қаралады.**



Сараптамалық зерттеудің бұл түрінде талда-натын жағдайға қатысушылардың әрқайсысын (баланың өзі де, оның ата-анасы да), сондай-ақ сот процесі кезінде бірден қалыптасқан жағдайды психологиялық тексеру ерекше мәнге ие.

Балалардың тағдырын анықтайтын процесстер бойынша мамандар баланың дамуына теріс әсер етуі қаупін анықтау үшін тұлғалық ерекшеліктері мен ата-аналық стиліне талдау жасайды.

Көбінесе балалардың психологиялық сарап-тамасы отбасылық-некелік дауларды шешу барысында тағайындалады. Мұндай зерттеулер істің көптеген жағдайларын анықтауға көмектеседі, ең бастысы – бала үшін шешімнің салдары.

Психологиялық зерттеу ата-аналардың балалармен қарым-қатынас тәртібін анықтауда, ата-аналар арасындағы дауларда, ата-анасының бөлек тұру кезінде баланың тұрғылықты жерін анықтауда, ата-ана құқығынан айыру және құқықтарын қалпына келтіру туралы дау кезінде, бала асырап алу және баланың мүдделерін қорғау туралы дауларға қатысты жағдайларда міндетті түрде тағайындалады.

Сарапшы психолог жұмысының үш этикалық қағидасы бар. Ол сот пен тергеуден тәуелсіз. Ол субъектіден тәуелсіз. Ақырында, ол өзіне тәуелсіз – оның эмоцияларынан және сенімдерінен.

Психолог дау тараптарымен әлеуметтік-психологиялық зерттеу жүргізеді, оның нәтижелері сотты іс бойынша дұрыс шешім қабылдауға бағыттайды. Сонымен қатар, психологпен жұмыс жасау адамдарға да көмектеседі, өйткені психолог көбіне көп нәрсеге көзін ашады, жанжал жағдайынан шығудың дұрыс жолына назар аударады.

Баланың тұрғылықты жерін анықтаған кезде ерекше жағдай туындайды, өйткені отбасылық заң мұндай шешім қабылдауда оның моральдық байланысын, ата-ананың моральдық және басқа да жеке қасиеттерін, ата-аналардың әрқайсысы мен баланың арасындағы қарым-қатынасты, тәрбиелеу мен дамуға жағдай жасау мүмкіндіктерін ескеруге міндетті.

Балаларға психологиялық сараптама жүргізу әртүрлі факторларды зерттеуді қамтиды. Мұнда тұтастай алғанда баланың жағдайы және оның жанжал жағдайына және жанжал тараптарына қатынасы, оған қатысты зорлық-зомбылық фактілері анықталуы, отбасылық жағдай талданады.

Сынақтарды жүргізу кезінде психолог бала қатысатын процесстің «адамгершілігін» бақылайтын маман ретінде әрекет етеді, бала өзінің мәлімдемесін толық ашпағанын немесе дұрыс емес айтқанын түсінген кезде балаға нақтылау сұрақтар қоя алады. Яғни, психолог баланың сөздерін аудармашы ретінде емес керісінше, балаға өз сөздерін толық түсіндіруге, сөйлеудегі ойды толығымен кеңейтуге, жадыны белсендіруге мүмкіндік береді.

Шешімді сот қабылдайды, ал психологтың тұжырымы оны ескеретін көптеген факторлардың бірі ғана.

**Медина ЕРЖАНОВА, Қарағанды облысы кәмелетке толмағандардың істер жөніндегі №2 мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

МАМАН КЕҢЕСІ

# ЖАСТАРДЫ НАШАҚОРЛЫҚТАН ҚОРҒАЙЫҚ

**1987 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы жыл сайын 26 маусымда Халықаралық нашақорлықпен және есірткінің заңсыз айналымымен күрес күні ретінде атап өтуге қаулы етті. Осы уақытқа дейін бұл аурумен күресу дүниежүзінде өзекті мәселеленің бірі болды. Бұл жай ғана проблема емес. Бұл бүкіл әлем жұртшылығының мұңы.**

Наркологиялық аурулар көптеген теріс әлеуметтік салдарды тудыра-тын қоғамның аса маңызды проблемаларының бірі болып қалады. Соның ішінде: нашақорлықтың, ең алдымен жастар арасында таралуы салдарынан психикалық ауытқулар мен инфекциялық аурулардың таралуына, елдің табиғи демографиялық ресурс-тарының бұзылуына байланысты халық денсаулығының жалпы жай-күйінің нашарлауына әкеліп соғады.

Жастар арасында синтетикалық есірткілер «соли», «легалка», «скорость», «свист» т.б. деген аттармен кең танымал. Бұл есірткілердің қауіптілігі – олардың қолжетімділігі мен пайдалану қарапайымдылығында (иіскейді, сирек темекі ретінде шегеді, кез-келген сұйықтықта сұйылтады және ішеді, ең қауіптісі – тамырға инъекция ретінде жіберу). Синтетикалық есірткі 2003 жылдары тарай бастады. Ол табиғи өсімдіктерден емес, химиялық заттардан жасалады. Ұзақ уақыт бұзылмай сақталатындықтан, адам ағзасына табиғи есірткілерге қарағанда жүз есе зиян. Қазіргі уақытта синтетикалық есірткінің 2000-нан астам түрі бар. Жыл сайын 300-400 жаңа түрі пайда болады. Оның бір түрінің құрамын зерттеп болғанша, басқа түрлері шығып қояды. Есірткі – бастапқыда сені қуаныш сезіміне бөлегендей болғанымен, шын мәнінде ол – құтылуың қиын болатын қармақ. Ол қармаққа ілінген адам өз өмірін ғана емес, отбасының басқа мүшелерінің де өмірін ойрандап, жанын ауыртады.



Осы ретте ата-аналарға не білу қажет? Балаңыздың темекі шегетінін бірнеше жыл білмеуіңіз мүмкін, бірақ синтетикалық есірткі қолданатынын бірден байқауға болады. Осы синтетикалық есірткіні қолданғаннан кейінгі бірнеше сағат ішінде мынадай жағдайларға душар болады: көз шарасынан шығады; шөлдейді; үрейлі жағдайда болады (сізді бақылап отырған сезім); сөйлеу ақаулары (иектің дірілдеуі, гримаса); тәбеті болмайды; галлюцинация (әдетте, есту, елес көру); еркінен тыс қимылдау (қолмен, аяқпен, баспен);ұйқы қашады; кейде керемет энергияның толастауы (қозғалуға ниет білдіріп бірдеңе істеу, әдетте барлық әрекеттер өнімсіз); қандай да бір тынымсыз жұмыс істеу ниеті (әдетте күрделі механизмдерге бөле бастайды); қисынсыз ойлар (мысалы, әлемді басқару) болады.

Уақыт өте келе күрт салмақ жоғалтады (айына 10 кг-ға дейін). Есірткі қабылдамаған кезде – шамадан тыс ұйқышылдық (бір тәулікке дейін ұйықтауы мүмкін). Көңіл-күйдің күрт төмендеуі, депрессия, суицидтік көңіл-күй. Тері проблемалары пайда болып , бетті безеу басып, аяқ-қолдар мен бет ісінеді.Ойлау қабілеті нашарлап, үнемі өтірік айтуға бейім болады. Есірткінің құрбаны болуға – қызығушылық әсер етеді. Нарколог мамандардың тәжірибесіне сүйенетін болсақ алғаш қолдана бастаған жасөспірімдерде мінез-құлық өзгереді. Түнгі клубтарға сұранып үнемі үйде болмайды. Тіпті бірнеше күнге дейін жоғалып кетуі де мүмкін. Өте қатты рэп музыкасын тыңдайды. Түнде ұйықтамайтын халге жетеді. Әдетте перделерді, терезелерді және есіктерді жабады, қорқыныш сезімі басымырақ.

Есірткі кристалды ұнтақ ретінде, қант ұнтағына ұқсас келеді. Түсі ашық ақ түстен қара түске дейін болады. Үйде әдетте дәретхана желдеткіштерінде, балконда, еден жабыны астында, төсек әбзелінде немесе кіреберісте сақтайды. Синтетикалық есірткінің дәмін бір рет тартқан адам өзін нашақормын деп санай берсе болады, өйткені ол бірден тәуелділік туындатады.

Ұрпағымыздың болашағы – жастар! Олай болса тәрбиелеп отырған балаларымыз аман, дені сау болсын десек жылтыраған дүниенің дүрмегінде жүрмей, ұлт болашағына салғырттық танытпауымыз керек.

**Гүлнұр БЕСПАЕВА, «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» ККМ Жезқазған бөлімінің әлеуметтік педагогі**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ҰБТ АЛДЫНДА АТА-АНАЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТЕДІ



21 маусымда бүкіл республика бойынша мектеп оқушылары өміріндегі басты оқиғалардың бірі Ұлттық бірыңғай тестілеу басталды.

Бұл тестілеудің сәтті өтуінің арқасында түлектердің жоғары оқу орындарында әрі қарай ақылы немесе мемлекеттік гранттың негізінде тегін білім алуы анықталады.

Тестілеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен еліміздің барлық аймақтарында жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына арнайы мониторинг топ, «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілдері және Агенттік қызметкерлері кірді.

Бұл топтың негізгі мақсаты тестілеудің «тазалығын» бақылау болып табылады. Қандай да бір сәйкессіздіктер немесе тестілеуді адалсыз тапсыру жағдайлары анықталғанда, олар бұл туралы жауапты тұлғаларға хабарлауға міндетті.

Қазір Агенттік әлеуметтік желілерде, WhatApp мессенджерлеріндегі ата-аналар топтарына мониторинг ұйымдастыруда. Оның нәтижесімен Ұлттық бірыңғай тестілеуден оң нәтижеге қол жеткізуге жәрдем көрсету бойынша белгісіз азаматтар анықталуда.

Осыған байланысты Агенттік оқушыларды тек өз білімдеріне ғана сүйене отырып, тест тапсыруға шақырады, ал ата-аналарды тестілеу қорытындысы бойынша оң баға алу мақсатында пара бергені үшін қылмыстық жауапкершілік және бас бостандығынан айыру көзделгенін ескертеді.

Егер азаматтар осындай жағдайға тап болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы **1424 call-**орталыққа қоңырау шалу қажет.

Жалпы, Агенттік Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп парасаттылық пен академиялық адалдық идеологиясын ілгерілету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігі**

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

# САЯЖАЙДЫ ӨРТ ШАЛМАСЫН ДЕСЕҢІЗ, ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗ



**Өрт оқиғаларын сараптау барысында өрт оқиғаларының 80 пайызының тұрғын жағдайларда, азаматтардың жеке меншігіне тиесілі үйлерде, сонымен қатар, саяжайларда болатынын көрсетіп отыр.**

Саяжай аймақтарындағы орын алып отыратын өрттің басты себебі бұрыннан айтып келе жатқанымыздай, отты дұрыс жақпау, электрлі жылытқыш құралдарын дұрыс пайдаланбау, электр желілерін, электр құралдарын жалғап, құрылымдау кезінде ережелердің бұзылуы және дұрыс пайдаланбау, мас болып темекі шегу, балалардың отпен ойнауы, пештің дұрыс болмауы, сондай-ақ, саяжай телімдерінде тиісті күзеттің болмауы болып отыр.

Саяжай аймағындағы өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады. Ағаштан салынған қора-қопсы, тез тұтанатын материалдармен жабылған үйшіктің шатыры өрттің жан-жаққа тез тарауына ықпал етеді. Лапылдап жанған өрт пен желдің жылдамдығы қосылып, от ұшқындарын көкке көтеріп, жан-жаққа шалалар ұшады. От шалаларының жел екпінімен 500-600 метрге дейін ұшып, желдің екпіні күн ыстық күні минутына 25 шақырымға жеткен оқиға да тіркелген кезі болған.

Ас бөлмеде, сенекте, кіре берістерде өрт бола қалған жағдайда от жалынының адамдардың сыртқа шығатын жолын бөгеп тастайтыны белгілі. Бұл, әсіресе, үйде балалар мен ауру жандар болса өте қауіпті. Өрттің ауладағы қора-қопсыларға таралуы жануарлар мен үй құстарының қырылып қалуына әкеледі.

Саяжай үйшіктеріндегі шыққан өрт газ баллондарының, керосинмен жанатын құралдардың, кейде жеке меншік автокөлік бензин бақтарының жарылуымен ұштасуы мүмкін.

Саяжай телімдері және ондағы салынған үйлер бүгінгі күннің қауіпсіздік ережелерінің талаптарына жауап бере алмайды. Тұрғын үй мен қосалқы шаруашылық жүргізетін қора-қопсылардың ара қашықтығы тиісті нормаларға сай емес, құрылыс материалдары, басқа да керекті-керексіз заттар үйіліп жатады. Құрылысқа тез тұтанатын материалдар, үйдің төбесін жабуға көбіне тақтай, қамыс, сабан, шыбықтар пайдаланылады. Сонымен қатар, қарсы сумен қамтамасыз ететін құрылғылар болмайды. Саяжай телімдеріндегі өртті сөндіруге барған кезде кіріп шығу қиындық туғызады. Кіретін және шығатын жолдарды жайыла өскен талдар, бұталар басып кеткен.

Өрт оқиғасына және өрт бола қалған жағдайда оның таралуына жол бермес үшін, міндетті түрде аумақта өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет.

Саяжай қоғамдастығының аумағы таза ұсталынып, қоқыс пен тез тұтанатын заттардан жүйелі түрде әрдайым тазартылып тұруы керек. Тез тұтанатын қалдықтарды арнайы бөлінген аумақтардағы контейнерлер мен жәшіктерде сақтап, кейін аулаққа шығарып тастап отыру қажет.

Саяжай қоғамдастығы орналасқан аумақта орналасқан барлық құрылыстарға, яғни үй, қора-қопсыларға көлік кіріп шығатындай жағдай жасалынуы керек. Телімдерге, су көздеріне баратын жолдар, сондай-ақ, өрт сөндіруге арналған құрал-жабдықтар тұрған жерлердің жолы әрдайым ашық болуы қажет. Құрылыстар арасындағы жерлерге жанғыш материалдарды, құрылыс материалдарын, құм, шымтезек, органикалық тынайтқыштар сияқты заттарды жинауға, тіпті уақытша болса да қоюға болмайды. Автокөліктерді қаңтару үшін тіпті, арнайы алаң бөліп қойған жөн. Сонымен қатар, өрт сөндіргіш көліктердің кіруіне кедергі келтірмес үшін кіріп шығатын жолдарды өскіндер мен бұталардан, ағаш бұтақтарынан тазалап қою қажет. Жөндеу жұмыстарын жүргізе қалған немесе басқа да жағдайда жекеленген телімдердегі жолдарды, кейбір кіріп шығатын немесе су көздеріне барар жолдарды жабар кезде қажетті деген тұстарға айналма жолдың бағытын көрсететін көрсеткіш тақта қойылуы керек. Сондай-ақ, жолды жөндеу барысында міндетті түрде ол жерді айналып өтетін жолдар салынуы қажет.

Саяжайшылардың үйшіктерінде, қосалқы шаруашылық құрылыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін білуі және оны өте қатаң сақтау міндетті саналады. Әр саяжай иесі өз аумағын тез тұтанатын қоқыстардан уақытылы тазалап, маңайын таза ұстауы, әрқайсының қол астында өрт сөндіргіш құралдары (тығыз материал, мәуіті одеял, құм, су толтырылған шелектер мен бөшке) болуы керек. Сондай-ақ, әр телімде кем дегенде бір өрт сөндіргіш құрал (огнетушитель) болғаны жөн. Өрт оқиғасы орын алмас үшін электр сымдарының, электрлі жылытқыштардың, газ және керосинмен жанатын құралдардың, жылыту пештері мен құралдарының ақауы болмауы тиіс. Оларды қолданған кезде сақтық шараларын ұстану өте маңызды болмақ.

Саяжай иелері көктем-жаз айларында аумақтарда белгіленген кесте бойынша қарауылдау шараларын ұйымдастырулары керек.

Саяжай қоғамдастығындағы өрт қауіпсіздігінің жауапкер-шілігі негізінен саяжай қоғамдастығы төрағасына жүктеледі. Жекелеген телімдердегі, саяжай үйшіктерінің және басқа да шаруашылық құрылыстарындағы өрт қауіпсіздігін сақтамаған қоғамдастық төрағасы мен телім иелері, олардың қандай да салдары болмасын, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

**Сенім телефоны: 8 (7102) 74-11-34.**

**Дулат БЕКТЕМІСОВ, Жезқазған қаласы ТЖБ ЗҚҚАжАҚСБТ бас маманы азаматтық қорғау капитаны**